2022 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің (бұдан әрі - МФБК) штаттық лауазымдардың 43%-ы (65 бірліктің 28-і) бос бірліктер болды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті (бұдан әрі - СЭБК) аумақтық департаменттеріне техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің штат саны СЭБК аумақтық департаменттерінің штат бірліктерінің (4109 бірлік) 43,9%-ын (1803 бірлік), МФБК аумақтық департаменттерінде мұндай арақатынас МФБК аумақтық департаменттерінің штат бірліктерінің (406 бірлік) 18 % (73 бірлік) құрайды.

2022 жылы министрлікте, аумақтық департаменттер мен ведомстволық ұйымдарда кадрлар ауысымы 27,6 % құрады.

Кадрлар ауысымының жоғары деңгейі, кадрлық әлеуетті біркелкі бөлмеген кезде үнемі жүктеменің болуын, көптеген бос жұмыс орындарының болуы орындаушылық буынның жекелеген қызметшілерінің шамадан тыс жүктемесінің болуын көрсетеді.

Атқарушы буын пайдасына лауазымдар арақатынасының өзгеруін, сондай-ақ бейіндік қызметке қайта бағдарлануды ескере отырып, министрлікте, ведомстволарда және аумақтық департаменттерде кадрлық әлеуетті қайта бөлуді жүргізуге қатысты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымын бекіту туралы бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

1.3 Басқару процестерін автоматтандыру

Денсаулық сақтау министрлігінің балансында 18 ақпараттық жүйе бар, жалпы республика бойынша 64-ке жуық медициналық ақпараттық жүйе тіркелген. Соңғыларының интеграциясы Денсаулық сақтау министрлігінің 7 ақпараттық жүйесімен ғана жүргізілді.

Талдау нәтижелері ұлттық деңгейде белгілі бір пациент үшін әртүрлі көздерден медициналық ақпаратты біріктіретін бірыңғай платформаның жоқтығын, белгілі бір ішкі медициналық міндеттер үшін ақпараттық жүйелердің басым қолданылуын, ақпараттық жүйелер арасындағы интеграцияның болмауын, ақпараттық жүйелерде деректерді енгізудің «жазбаша» сипатының басым болуын, медициналық ақпараттық жүйелерді пайдаланумен байланысты мәселелердің кең ауқымын көрсетеді, сондай-ақ бір ақпараттық жүйеден екіншісіне деректердің қолжетімсіздігі салдарынан ақпараттық жүйелердегі ақпараттың қайталануы және «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ (бұдан әрі - ӘМСҚ) филиалдарында қажетті ақпараттық жүйелерге қашықтан қол жеткізудің мүмкін еместігін көрсетті.

EHealth электрондық денсаулық сақтаудың жаңа цифрлық архитектурасын қалыптастыру шеңберінде Ақпараттық жүйелерді интеграциялауды, жетілдіруді және модификациялауды жүргізу жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

Талдау нәтижелері СЭБК аумақтық департаменттерінде, сондай-ақ денсаулық сақтау басқармаларының ведомстволық бағынысты ұйымдарында электрондық құжат айналымын жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттық жүйенің жоқтығын көрсетеді. Ресми хат алмасу, оның ішінде есептілік қағаз нысанында жүргізіліп, қолма-қол жеткізіледі. Курьерлік қызметтің болмауы жұмыс уақытын ұтымсыз пайдалануға алып келіп, тапсырмаларды орындау мерзімдерін бұзуға ықпал етеді.

Министрліктің мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде тартылған ведомстволық және аумақтық бөлімшелеріндегі компьютерлердің 39,3% - ы есептен шығарылуға жатады. Мысалы, МФБК бойынша жарақтандыру 93% - ды құрады, оның ішінде компьютерлердің жүз пайыздық тозуы 83 %-ды құрап отыр.

Құжат айналымының электрондық форматына көшу, оның ішінде СЭБК аумақтық департаменттерінде, Денсаулық сақтау басқармаларының ведомстволық

бағынысты ұйымдарында тиісті ақпараттық жүйелерді белгілеу жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

Денсаулық сақтау министрлігі есептердің 57 түрін ұсынады (көрсеткіштер тізілімі (салалық деректер). Оның ішінде есептердің 94,8% - ы (есептердің 54 түрі) қағаз нысанында қалыптастырылады және есептердің тек 5,2% - ы (есептің 3 түрі) электронды түрде қалыптастырылады [16-қосымша].

Бұл процеске денсаулық сақтау басқармалары, ведомстволық бағынысты ұйымдар қатысады. Бұл қызметкерлерге жүктеме деңгейін арттырып, олардың тікелей міндеттерін орындауына ықпал етіп, пациенттерді емдеу процесінен және осы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуден айтарлықтай алшақтатуға әкеледі. Бұл медициналық қызметтердің (медициналық көмектің) сапасы мен мерзімдеріне теріс әсер етеді.

Денсаулық сақтау саласында жүргізілген талдау нәтижелері бойынша есептердің 28 бейіндік түрі (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығы) және есептерді ұсынатын 11 тұлға анықталды.

Бірқатар есептер бойынша бірнеше адам ұсынатын ақпараттың негізсіз қайталануы орын алады. Бұл жекелеген инфекциялық және паразиттік аурулар, адамның иммун тапшылығы вирусына ферменттік талдау әдісімен қанды зертханалық зерттеу нәтижелерін, вакциналар мен басқа да иммунобиологиялық препараттардың қозғалысы, профилактикалық егулермен қамту, жекелеген инфекциялық және паразиттік аурулар туралы есептерде кездеседі. Медициналық және фармацевтикалық кадрлар туралы есептер де қайталанатын.

Есепке алу деректері тиісінше қалыптастырылған, Ақпараттық жүйелер интеграциялауға қолжетімділік болған жағдайда есептердің шамамен 27 түрін есептерді қабылдайтын мемлекеттік органдардың өздері қалыптастыруға мүмкіндіктер туныдайды [17-қосымша].

Есептен шығаруға жататын компьютерлік паркті жаңарту, есептердің 54 түрін қалыптастыру процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ету, есептерді ұсынатын тұлғалар тобын қысқарту, жауапты қызметкерлердің есептік немесе есептік деректер бойынша Медициналық ақпараттық жүйелерге қолжетімділігін қамтамасыз ету және есептердің 27 түрі бойынша түсірілімдер жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

СЭБК департаменттерінің қызметкерлері тексеру жүргізу кезінде сынамаларды алып, зертханалық зерттеу үшін ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК филиалына береді. Зертханалық зерттеулер хаттамаларын және СЭБК департаменті аспаптық өлшеулерін ұсыну қағаз жеткізгіште, қолма-қол жүргізіледі. Көптеген зерттеулердің нәтижелерін қағаз жүзінде ұсыну уақыт пен кеңсе ресурстарын ысырап етеді.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері қызметкерлерінің зерттеулердің тиісті нәтижелерін қарау мүмкіндігімен «Зертханалық ақпараттық жүйе» бағдарламалық қамтамасыз етудің бірыңғай кешеніне қол жеткізуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

1.4 Функционалдық талдау

Талдау нәтижелері Денсаулық сақтау министрлігіне бекітілген функцияларды жергілікті атқарушы органдарға толық немесе ішінара беру қажеттілігін көрсетеді [18-қосымша].

1.4.1 Мүдделер қақтығысымен байланысты функцияларды беру қажеттілігі.

2021 жылы бақылау-қадағалау және рұқсат беру функцияларының болуына қарамастан, МФБК-не медицина және фармацевтика өнеркәсібі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу жөніндегі функциялар қосымша бекітілді.

Қалыптасқан жағдай бір мемлекеттік органда Медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіп саласындағы бақылау, рұқсат беру және реттеу функцияларын орталықтандыруға және біріктіруге әкелді.

Медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу жөніндегі функцияны Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне беру бөлігінде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Министрлік «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 7-бабының бөлшек және көтерме саудада өткізу үшін дәрілік заттың сауда атауына шекті бағаларды әзірлейді және бекітеді (96-тармақ).

Алайда, Денсаулық сақтау министрлігі сонымен қатар бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін айқындайды, ұзақ мерзімді шарттар шеңберінде бірыңғай дистрибьютор сатып алатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін айқындайды, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қажеттілікті қалыптастыру тәртібі мен әдістемесін айқындайды, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) және (немесе) әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде дәрілік заттарға және (немесе) медициналық бұйымдарға шекті бағалар мен үстеме бағаларды белгілейді, бірыңғай арқылы ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алады.

Монополияға қарсы органға бөлшек және көтерме саудада өткізу үшін дәрілік заттың сауда атауына шекті бағаларды бекіту жөніндегі функцияны беруді көздейтін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

1.4.2 Нормативті түрде бекітілген, бірақ іс жүзінде орындалмайтын функциялар

Мысалы, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңға сәйкес денсаулық сақтау органдары өз құзыреті шегінде қылмыстық қудалау органына және сотқа кәмелетке толмаған азаматтарға жүргізілген әлеуметтік-психологиялық тексеру туралы есепті (баяндаманы) ұсынуды және кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу картасын жасауды ұйымдастырады (15-баптың 6-1) тармақшасы).

ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте және денсаулық сақтау басқармаларының ережелерінде аталған құзырет бекітілмеген. Іс жүзінде бұл функцияны білім беру ұйымдары жүзеге асырады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына қылмыстық қудалау органына және сотқа кәмелетке толмағанды жүргізілген әлеуметтік-психологиялық тексеру туралы есепті (баяндаманы) ұсынуды ұйымдастыру жөніндегі функцияны беруге және білім беру органдарына ведомстволық бағыныстылығы бойынша кәмелетке толмағанды әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу картасын жасауға қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Тағы бір мысал, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексіне сәйкес облыстардың жергілікті атқарушы органдары олардың тиімділігін бағалай отырып, профилактикалық дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастырады және жүргізеді (12-баптың 2-тармағының 26) тармақшасы). Аталған функция Денсаулық сақтау басқармаларының ережелеріне енгізілмеген. Аталған функция Денсаулық сақтау басқармалары тарапынан орындалмайды.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дезинсекция және дератизация жөніндегі функцияны жергілікті атқарушы органдардан санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарына беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

1.4.3 Өкілеттіктерді табыстау тәртібімен берілетін функциялар

Көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюына және өзге медициналық ұйымдарда артық қаражаттар болғанымен, кейбір медициналық ұйымдардың қаражаттары болмаған жағдайларда, қайта бөлу мәселелері денсаулық сақтау басқармасымен және медициналық ұйымдардың басшылығымен келісулер жүргізу талап етіледі.

Бұдан басқа, қаражатты бір айдан екінші айға, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек бойынша қайта бөлу жөніндегі өкілеттіктер, сондай-ақ жергілікті деңгейдегі ұйымдастырушылық сипаттағы өзге де өкілеттіктер ӘМСҚ орталық аппаратының келісімі бойынша ғана рұқсат етіледі.

Көп жағдайда, бұл келісімдер мен шешім қабылдау мерзімдері ұзаққа созылады. Бұл қабылданған шешімдердің жеделдігіне, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына әсер етеді.

Денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы органмен, медициналық ұйымдар және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының орталық аппаратының келісімінсіз әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалдарына қаржы қаражатын бір айдан екінші айға аударуды және денсаулық сақтау ұйымдары арасында қайта бөлу жөніндегі өкілеттіктерді беру мақсатында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Тағы бір мысал еңбекке уақытша жарамсыздық парағын алу процедурасын жеңілдету қажеттілігінің туындауына байланысты. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақтың нысаны «Дәрігердің қолынан» басқа «Бас дәрігердің қолы» бағанын қамтиды.

Сырдария ауданы Шаған ауылының амбулаториясының жұмысын талдау барысында 2021 жылы Шаған ауылының 168 тұрғыны еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын ресімдеуге өтініш білдірген болса, 2022 жылдың 8 айында 91 тұрғын өз өтініштерін білдірген. Бұл ретте, уақытша еңбекке жарамсыздық парақтарын ресімдеуді аяқтау үшін ауыл тұрғындары бас дәрігердің орынбасарының қолын алу және мөр қою үшін аудан орталығына баруы қажет. Аталған жағдай еліміздің барлық өңірлерінің ауылдарында қолданылып отырғандығы анықталды.

Медициналық қызметтер (көмек) көрсететін дәрігерлерге еңбекке уақытша жарамсыздық туралы параққа немесе анықтамаға қол қою құқығын беру мәселелері

бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Бүгінде «Ұлттық сараптама орталығы», «Зертханалық ақпараттық жүйе» бірыңғай кешенді бағдарламалық қамтамасыз етуінде енгізілген деректерді түзетуге рұқсатты жүзеге асырады.

Тиісінше, «Ұлттық сараптама орталығы» өңірлік филиалдарының қызметкерлері түзетулер енгізу үшін орталық аппараттан ресми рұқсатты талап етеді, бұл орындалған жұмыстар актілері мен шот-тізілімдердің уақтылы берілуіне кедергі келтіреді.

«Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК филиалдарына мәліметтерге түзетулер енгізу, сондай-ақ «Зертханалық ақпараттық жүйе» бағдарламасына қол жеткізу құқығын беру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

1.4.4 Нормативтік актілерде бекітілуі қарама-қайшы сипатта болатын функциялар

ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес облыстардың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары білім беру ұйымдары үшін денсаулық сақтау саласындағы коммуналдық заңды тұлғаларда клиникалық базалар ұсынады (13-баптың 10) тармақшасы).

Сонымен қатар, заңнамалық деңгейде медициналық ұйымдарға денсаулық сақтау басқармасының қатысуынсыз білім беру ұйымдары үшін клиникалық базаларды дербес ұсынуға мүмкіндік берілді. Мысалы, ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 220-бабының 5-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарында білім беру, ғылыми, клиникалық қызмет саласында медициналық ұйымдармен шарттар жасасу құқығы берілген.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары үшін клиникалық базалар беру жөніндегі функцияны медициналық ұйымдарға беру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

1.4.5 Нормативтік актілерде айқындалған, бірақ мемлекеттік басқару органдарының ережелерінде жоқ функциялар

Заңнамалық актілерде айқындалған функциялардың жекелеген санаты мемлекеттік басқару органдарының ережелерінде жоқ. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Биологиялық қауіпсіздігі туралы» Заңының 11-бабының 2-тармағына сәйкес облыстардың жергілікті атқарушы органдарының биологиялық қатерлердің алдын алу және олардың зардаптарын жою бойынша іс-шаралар жүргізеді. Алайда, бұл функция Денсаулық сақтау басқармаларының ережелерінде жоқ. Тиісінше, бұл функция қазіргі таңда орындалып отырған жоқ.

Биологиялық қатерлердің алдын алуға және олардың зардаптарын жоюға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі функцияны қосуды көздейтін Денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

1.4.6 Жоғары тұрған органдардан негізсіз келісім алуға қатысты функциялар

«Атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшының немесе денсаулық сақтау саласындағы байқау кеңесімен шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның алқалы атқарушы органының басшысының бос лауазымына конкурс өткізу» Қағидаларының 2 және 3 - тармақтарына сәйкес

кәсіпорынның Байқау кеңесі атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшының немесе кәсіпорынның алқалы атқарушы орган басшысының бос лауазымына конкурстық іріктеуді жүзеге асырады. Конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізу және әңгімелесу қорытындысы бойынша оң шешім алған қатысушыны айқындау, тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) оң шешім алған қатысушыны кәсіпорын басшысы етіп тағайындау туралы ұсыныс енгізеді.

Өз кезегінде, Кодекстің 13-бабының 20) тармақшасында облыстардың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының көрсетілген басшы кандидатурасын Денсаулық сақтау министрлігімен келісу рәсімін өткізу туралы талап белгіленген.

Бұл ретте министрлік тарапынан кандидатураны келісудің теріс нәтижесі ұсынылған кандидатураны бос лауазымға тағайындамау үшін негіз болып табылмайды, бірақ процесті кешіктіруге себеп болады. Мысалы, 2022 жылы Өскемен қаласының № 1 емханасы басшысының кандидатурасы Денсаулық сақтау министрлігімен 56 күн өткеннен кейін келісілді.

Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларын және атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшыларды немесе кәсіпорынның алқалы атқарушы органының басшысын Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен тағайындау кезінде келісу рәсімін болдырмауды көздейтін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Жүргізілген жұмыстың нәтижелері көрсеткендей, іс жүзінде жүзеге асырылатын, бірақ нормативтік актілерде бекітілмеген келісу рәсімдері тәжірибеде орын алып келеді.

Бұл жерде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерге шектеу іс-шараларын енгізу жөніндегі елдің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен келісудің заңнамада белгіленбеген рәсімдерін жүзеге асыру туралы болып отыр. Өз кезегінде, мұндай тәжірибе шектеу шаралары мен карантинді енгізудің жеделдігі мен мерзімдеріне теріс әсер етеді.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу туралы шешімдерін Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен келісу практикасын болдырмау жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

1.4.7 Қайталанатын функциялар

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша медициналық ұйымдардың медициналық қызметтер (медициналық көмек) көрсету сапасын бағалау және тексеру мәселесі бойынша ӘМСҚ және МФБК функцияларының қайталануы анықталды.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті және оның аумақтық департаменттері медициналық қызметтер (көмек) көрсету салаларында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады (МФБК, МФБКД Ережесінің 15-тармағының 3) тармақшасы).

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы және оның филиалдары Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмектің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелерді орындауына мониторинг жүргізеді, жасалған шарт негізінде медициналық қызметтердің сапасы

мен көлеміне мониторингті жүзеге асыра отырып, МӘМС және ККТМК медициналық қызметтер пакетінің әкімшісі болып табылады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры мен оның филиалдарының Медициналық және фармацевтикалық бақылау органдарының қызметін, сондай-ақ денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмектің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелерді орындауын мониторингтеу сылтауымен медициналық ұйымдардың бақылау сипатындағы іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі практиканы қайталауын болдырмау жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

2. Денсаулық сақтау саласында қызмет көрсету жөніндегі рәсімдерді бюрократиядан арылту

2.1. Медициналық қызметтер (медициналық көмек) көрсету сапасын бағалау жүйесін енгізу.

Мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі азаматтарды сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету болып табылады. Алайда, дәстүрлі мәселелердің қатарына жекелеген мамандарға жазылудың ұзақ мерзімі, тексеру алуды күту мерзімі, дәрігерлер мен медициналық ұйымның жұмысын бағалау жүйесінің болмауы және тағы басқа жатады.

Мұндай жағдай көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауды және мониторингті қамтамасыз ететін кері байланыс жүйесінің болмауына байланысты болады.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында медициналық қызметтердің (медициналық көмектің) сапасы мен қолжетімділігін бағалаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша ұсыныстарды пысықтау және енгізу ұсынылады.

2.2 Отбасылық үлгідегі медициналық қызмет (медициналық көмек) көрсету жүйесіне көшу.

Шет елдерде отбасылық дәрігердің қызметіне жүгіну жүйесі сәтті дамыған, ол отбасының әрбір мүшесін ғана емес, сонымен қатар оның ауру тарихын да біледі, оған жүгіну бір маманнан көмек алуға мүмкіндік береді, осылайша көптеген дәрігерлер мен ұзын-сонар кезектерге барудан аулақ болып, профильді мамандарға жүгінуді жеңілдетеді.

Отбасылық дәрігерлердің медициналық қызмет көрсету тәжірибесін енгізу бойынша ұсыныстарды пысықтау және енгізу ұсынылады.

2.3 Медициналық қызметтердің (медициналық көмектің) клиентке бағдарланған моделіне көшу

Клиентке бағытталған модель дәрігерге оның жауапкершілігін арттыра отырып, емдеу әдістері мен әдістерін таңдау еркіндігін беру арқылы емдеу сапасын қамтамасыз етуден тұрады.

Сонымен қатар, бұл пациентке назар аударылмаған жағдайлардан алшақтауды қамтиды, бірақ ақпараттық жүйені рәсімдеу және енгізу процесі.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, қазіргі уақытта ӘМСҚ медициналық ұйымды қаржыландыру сомасын емдеу стандарты мен хаттамасынан ауытқуларға байланысты азайтады.

Сондықтан емдеуді тағайындайтын дәрігер пациенттің денесінің ерекшеліктеріне емес, емдеу стандарты мен хаттамасына қарауы керек.

Оларды көрсетудің клиентке бағдарланған моделіне көшуді қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды пысықтау және енгізу ұсынылады.

2.4 Медициналық қызмет көрсету фактісі бойынша төлем жүйесін енгізу

Жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, егер дәрігер стационарда емдеуді жүзеге асыру кезінде белгілі бір хаттама шеңберінде қажетті медициналық көмек пен диагностика көлемінен асып кетсе, онда әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық ұйымға айыппұл санкцияларын салады.

Мәселе мынада, қолданыстағы ережелерге сәйкес стационардағы пациентті диагностикалық хаттамаға сәйкес және ауруханаға жатқызылған диагнозға сәйкес емдеуі қажет.

Бұл, науқастың анықталған ілеспелі аурулары аурухананың өзінде еленбей, дәрігердің әрекеті амбулаторлық деңгейде одан әрі бақылау және емдеу бойынша ұсыныстар берумен шектелуіне әкелді.

Толық сурет үшін біз келесі практикалық жағдайды ұсынамыз. Мысалы, коронарлық артерияның күрделі зақымдануы немесе екі коронарлық артерияның патологиясы жағдайында науқасқа екі стент салуға тура келеді. Алайда, көрсетілген қызметке ақы төлеу мәселесін шешу барысында Қор тек бір стент үшін ғана төлейді. Осыған байланысты Кардиоцентр науқасқа екі кезеңде операция жасауға мәжбүр болады, яғни науқасқа бір стент орнатылады, содан кейін біраз уақыттан кейін науқас келесі операцияға ауруханаға қайта жатқызылады.

Көрсетілген медициналық қызметтер фактісі бойынша төлемді жүзеге асыру жөніндегі тетіктердің болмауы «сызықтық шкала» әдісін қолданумен тығыз байланысты. Мәселен, «сызықтық шкаланы» қолдану, яғни есепті кезеңде (бір ай ішінде) «емделген жағдайлардың» жоспарланған шектерін пайдалану пациенттерге емдеуге жатқызудан жасанды түрде бас тартуға және емдеуге жатқызу мерзімдерін, оның ішінде жоспарлы емдеуге жатқызуды келесі есепті кезеңге ауыстыру арқылы тежеуге (кешіктіруге) әкеледі.

Медициналық қызмет көрсету фактісі бойынша төлем жүйесін енгізу бойынша «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

2.5 Тіркелген халықтың қаралу мерзімі институтын енгізу

Республикада өңірлерден пациенттердің Астанада, Республикалық маңызы бар қалаларда және облыс орталықтарында орналасқан медициналық ұйымдарға жүгінуінің жоғары деңгейі байқалады.

Медициналық қызметтерді алу үшін азаматтардың мұндай санаты нақты тұратын жері бойынша емханаларға тіркеледі.

Медициналық қызметтерді алғаннан кейін пациенттердің бұл санаты тұрақты тұрғылықты жері бойынша шығарылғанымен емханадағы тіркеуі қалады, бұл жоспарлау процесіне теріс әсер етеді және медициналық ұйымды негізсіз қаржыландыруға әкеледі. Ең бастысы-бұл белгіленген нормативтерге байланысты мұқтаж азаматтардың тіркелуіне жол бермейді, өйткені іс жүзінде қызмет көрсетілмейтін пациенттер жалған статистиканы қалыптастырады.

Қазіргі уақытта пациенттерді емханадағы тіркеуден шығару рәсімі мен негіздері заңнамалық деңгейде реттелмеген.

Тұрғылықты жерін ауыстырған кезде немесе азаматтардың шетелге көшуі кезінде, сондай-ақ қайтыс болған кезде "Тіркелген халық тіркелімі" АЖ-дегі деректер жаңартылмайды. Бұл мәліметтерді нақтылау үшін бекітілген учаскені айналып өтуге мәжбүр болған учаскелік медицина қызметкерлерінің жұмысын қиындатады.

Есептен шығару порталда тиісті мәліметтер пайда болған кезде жүргізіледі. Бұл ретте, өзекті мәліметтердің жоқтығы үшін ӘМСҚ филиалы тарапынан айыппұл санкциялары көзделген.

Бекітілген халықтың ескіру институтын енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады:

1) тіркелген контингент құқығын сақтай отырып, соңғы үш жыл ішінде алғашқы медициналық-санитариялық көмекке жүгінбеген пациенттерді резервке ауыстыру;

2) резервтегі пациенттер бойынша медициналық ұйымдарға жүктемелер мен төлемдер бойынша нормативтерді қолдануға жол бермеу.

2.6 БМСК деңгейінде мемлекеттік тапсырыс алуға үміткер медициналық ұйымдарға қойылатын талаптарды күшейту

Жүргізілген талдау нәтижелері жекелеген жағдайларда сапалы қызмет көрсетумен қамтамасыз ету мүмкіндігі жоқ жеке медициналық ұйымдардың мемлекеттік ұйымдармен қосалқы мердігерлік шарттар жасасатынын көрсетеді.

Мұндай жағдай халықтың БМСК деңгейінде медициналық көмекке қадамдық қолжетімділік қағидатын бұзады.

Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету бойынша қызметтерді орналастыруға мемлекеттік тапсырысты ұйымдастыру кезінде шаралар қабылдау және сапалы қызмет көрсетумен қамтамасыз ету мүмкіндігі жоқ медициналық ұйымдардың қатысуына кедергі келтіретін қосымша техникалық талаптарды пайдалану практикасын енгізу ұсынылады.

2.7 Медициналық қызметтер (медициналық көмек) көрсетуді күту мерзімдері

Медициналық қызметтерді (медициналық көмекті) және ауруханаға жатқызуды күтудің ұзақ мерзімдерінің негізгі себептері ретінде мыналарды бөліп көрсету қажет:

медициналық ұйымдардың ККТМК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық көмекті ақылы негізде ұсынуға тыйым салу шартын орындамауы (Кодекстің 202-бабы, 9-тармағы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы»);

ақылы қызметтер көрсету үшін ККТМК шеңберінде қызметтер көрсету үшін сатып алынған медициналық бұйымдар мен медициналық техниканы басымдықпен пайдалану;

ККТМК және МӘМС жүйесі шеңберінде медициналық қызметтер көрсетілетін Денсаулық сақтау ұйымдарының тізбесіне жеке медициналық ұйымдарды жеткіліксіз тарту;

медициналық қызметтер (медициналық көмек) көрсету кезектілігін және күту мерзімдерін мониторингілеудің электрондық жүйесін қадағалау мен хабарлаудың ашық және қолжетімді құралдарының болмауы;

ККТМК шеңберінде, МӘМС жүйесімен және ақылы негізде медициналық ұйымдар көрсететін қызметтер туралы ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығының болмауы;

Күту мерзімдерін қысқарту мәселелерін шешу үшін ККТМК шеңберінде қызмет көрсету үшін сатып алынған медициналық бұйымдар мен медициналық техниканы

пайдалану мониторингінің электрондық жүйесін әзірлеу және пайдалануға енгізу қажет.

ЕHealth электрондық денсаулық сақтаудың жаңа цифрлық архитектурасы шеңберінде әзірлеу және пайдалануға беру жөнінде пысықтау және шаралар қабылдау ұсынылады:

1) пациентпен кері байланысты қамтамасыз ете отырып, кезектілік жай-күйін және медициналық қызметтер (медициналық көмек) көрсетудің болжамды күнін хабарлау опциясының болуымен электрондық күту парағының жүйесі;

2) медициналық қызметтер (медициналық көмек) көрсетуді және емдеуге жатқызуды күту мерзімдерін электрондық мониторингтеу жүйесі;

3) ККТМК шеңберінде медициналық қызметтер көрсету мониторингінің электрондық жүйесі, МӘМС жүйесі және пациенттер бөлінісінде ақылы қызметтер көрсету.

2.7.1 Тегін медициналық көмекті квоталау жүйесі.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әрбір азамат тегін медициналық көмек алуға, оның ішінде қымбат тұратын емдеу-диагностикалық технологияларды квота алу арқылы қолдануға құқылы.

Республикада шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде кезектілік жоқ.

Жоспарлы медициналық көмек көрсету кезінде медициналық қызметтер (медициналық көмек) көрсету кезектілігі ресурстардың (төсек-орындардың, медициналық ұйымның өткізу қабілетінің, жоғары технологиялық медициналық қызметтер (ЖТМУ)) мүмкіндігінің шектелуіне байланысты белгіленеді.

Квота алу және медициналық қызметті (медициналық көмекті) нақты көрсету рәсімі 10 кезеңнен тұрады және мерзімі бойынша кемінде қырық жұмыс күнін, ең көбі 3-4 ай немесе одан да көп уақытты құрауы мүмкін.

Төмендегідей пысықтау және шаралар қабылдау ұсынылады:

1) Квота бойынша стационарға жатқызу күнін автоматты түрде тағайындау бойынша «Емдеуге жатқызу бюросы» порталында функционалды әзірлеу және пайдалануға беру;

2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау ұйымының өкілеттіктерін жою, пациентті квота бойынша стационарға жатқызу күнін айқындау, сондай-ақ пациентті «Емдеуге жатқызу бюросы» порталында емдеуге жатқызуға жіберген сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде пациентті емдеуге жатқызудың ең жоғары мерзімін белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жүзеге асырылады.

2.7.2 Бейінді мамандардан медициналық қызметтерді алу кезінде қосымша буындардың болуы.

Заңнаманың талаптарына сәйкес амбулаториялық-емханалық көмек бастапқы медициналық-санитариялық көмекті (бұдан әрі – БМСК) және консультациялық-диагностикалық көмекті (бұдан әрі – ҚДК) қамтиды.

БМСК-ны БМСК мамандары көрсетеді. ҚДК - ны бейінді мамандар көрсетеді.

Халықтың бейінді мамандармен медициналық қызмет көрсету қажеттілігі айтарлықтай жоғары болып табылады.

Бейінді маманда медициналық қызметті (медициналық көмекті) нақты көрсету рәсімі 4 кезеңнен тұрады және мерзімі бойынша кемінде 5-7 жұмыс күнін, көбінде 30 жұмыс күнін және одан да көп уақытты құрауы мүмкін.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек дәрігерінің жолдамасынсыз консультациялық-диагностикалық көмек көрсету негіздерінің тізбесін айқындау бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

2.7.3 Зертханалық зерттеулердің нәтижелерін электрондық нысанда беру

Зертханалық қызметтердің әлеуетті клиенттері «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК филиалдарына не аудандық бөлімшелерге өтініштерді толтыру, қызметтер көрсету шарттарына қол қою және зерттеу үшін сынамаларды беру үшін келеді. Зерттеулер аяқталғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы төлем жасау және нәтижелерді қағаз жеткізгіште алу үшін филиалға не бөлімшеге қайта барады.

Корпоративтік клиенттерге қызметтерді алу ыңғайлылығын жасау үшін филиал мамандары зертханалық зерттеулердің нәтижелерін ірі объектілерге жеткізеді. Кейбір нысандар қала шегінен тыс жерде орналасқан, оларға құжаттары жеткізу жұмысының 2 сағат уақытын алады.

Зертханалық зерттеулердің нәтижелерін санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК филиалдарының электрондық нысанда беру рәсімдерін автоматтандыру мәселелері бойынша шаралар қабылдау ұсынылады.

2.8 Медициналық қызметтердің (медициналық көмектің) сапасын дамыту

2.8.1 Денсаулық сақтау жүйесінде технологиялар трансфертін бәсеңдететін жағдайлардың болуы

Медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйым, медициналық техника) қолданыстағы заңнамаға сәйкес міндетті түрде мемлекеттік тіркеуді және тіркеу куәлігін алуды талап етеді.

Алайда, бұл процедура күрделі және өндірушіден қосымша қаржылық және уақыт шығындарын талап етеді, бұл олардың жоғары технологиялық медициналық жабдықтар мен техниканы ел аумағына әкелу ынтасын айтарлықтай төмендетеді.

Сараптама қорытындысын бере отырып, сараптама органында медициналық бұйымның сараптамасы: медициналық бұйым үшін шамамен 4-6 айды құрайды.

Егер Өндіруші өз өнімдерін алғаш рет тіркеуді жүргізсе, сараптама ұйымының өкілдерінің өндірістік алаңға шығуымен өндіріс жағдайларын бағалау қажет болса, мерзім ұзартылуы мүмкін.

Нәтижесінде денсаулық сақтау жүйесіндегі технологиялар трансферті процесі баяулайды.

Нәтижелері ел аумағында медициналық техниканы, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен олардың жиынтықтаушыларын тіркеу бөлігінде шетелдік танымал ұйымдардың тізбесін, сондай-ақ медициналық техниканы, бұйымдарды тіркеу негіздерінің тізбесін бекіту бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады

2.8.2 Денсаулық сақтау технологияларын бағалау

Қазіргі уақытта әлемде денсаулық сақтау саласында серпінді технологиялар құрылған: нанотехнологияларды, сәулелік диагностиканы, гендік инженерияны, емдеуді және т. б. дамыту.

Диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері ККТМК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде немесе ақылы негізде немесе қаржыландырудың өзге де көздерінен қолданылады.

Алайда, медицина ғылымының дамуы және денсаулық сақтау ұйымдарында жаңа әдістердің енгізілуінің төмен екендігі байқалады.

Отандық денсаулық сақтау жүйесіне жаңа әдістерді енгізуді тежейтін бірқатар себептер анықталды. Олардың ішінде-жаңа әдістерді енгізуге рұқсат алудың оңайлатылған рәсімінің, жаңа әдістерді қолдануға өтінімнің өту мерзімдерін нақты регламенттеу, өңірлік деңгейде денсаулық сақтау технологияларын бағалауды жүргізуге өтінім беру мүмкіндігінің болмауы.

Төмендегідей шаралар қабылдау ұсынылады:

1) Жаңа әдістерді енгізуге рұқсат алу рәсімін оңайлатуға, сондай-ақ өтінімнің барлық кезеңдерде өту мерзімдерін нақты регламенттеуге негізделген денсаулық сақтау саласындағы инновациялық қызметті дамытудың жаңа тәсілдерін көздей отырып, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін қолдану қағидалары жаңа редакцияда қабылдасын;

2) Денсаулық сақтау технологияларын бағалауды жүргізу қағидаларында көзделген Денсаулық сақтау технологияларын бағалауды жүргізу мерзімдерін оңтайландыру;

3) «С.Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамытудың Ұлттық ғылыми орталығы» РМК-ның Денсаулық сақтау технологияларын бағалауды жүргізуге монополиясы алынып тасталу.

4) Денсаулық сақтау технологияларын бағалауды жүргізу кезінде келісуді қамтамасыз ететін денсаулық сақтау министрлігінің консультативтік-кеңесші органдарының санын оңтайландыру.

2.9 Дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету.

2.9.1 Рецепттердің электрондық түрін енгізу

Денсаулық сақтау Министрінің (2020 жылғы 2 қазандағы № ҚР ДСМ-112/2020 бұйрығымен бекітілген) рецепттерді жазу, есепке алу және сақтау қағидаларына сәйкес, рецепттерді тиісті медициналық айғақтар болған кезде өз құзыреті шегінде амбулаториялық, профилактикалық, диагностикалық, емдік, оңалту немесе паллиативтік көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлері қағаз және (немесе) электрондық түрде жазылады.

Алайда, осы уақытқа дейін рецепттердің электрондық түрі жұмыс істемейді, бұл ретте МАЖ-лер сервисінде, оның ішінде «Datumed» МАЖК осы мақсаттар үшін пайдалануға болатын «Рецепттер» бөлімі қарастырылған. Қағаз түріндегі рецепттер рецепт жазған медицина қызметкерінің қолымен расталады. Дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікті шарттармен алуға арналған рецептілерге медициналық ұйымның бұйрығымен айқындалған уәкілетті тұлға қосымша қол қояды және денсаулық сақтау ұйымының «рецепттер үшін» мөрімен немесе уәкілетті тұлғаның электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Дәрілік заттарды тегін алуға арналған рецепттердің электрондық форматында жазып беру пациенттерге қажетті дәрі-дәрмектерді алу рәсімін едәуір жеңілдетеді. Қазіргі уақытта пациенттер тегін дәрі-дәрмектерді алу үшін бірнеше рет емханаға баруы керек.

Жалпы алғанда электронды рецептер беру дәріханаларда рецептсіз сатылатын дәрілік заттарды алып тастауға, сондай –ақ дәрілік заттардың тиімді пайдалануына ашықтық пен бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Ehealth» электрондық денсаулық сақтаудың жаңа цифрлық архитектурасы шеңберінде қымбат тұратын препараттар алатын созылмалы және ауыр аурулары бар диспансерлік науқастар үшін жеңілдікті дәрі-дәрмектерге электрондық рецепті автоматты түрде шығару бойынша Медициналық ақпараттық жүйелерде функционалды әзірлеу және пайдалануға беру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

2.9.2 Амбулаториялық және стационарлық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде дәрілік заттармен тиісінше қамтамасыз етілмеуі.

КТМК және МӘМС аясында амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етумен 616-ға жуық медициналық ұйым тартылған.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде дәрілік заттармен қамтамасыз ету үшін кедергілер тудыратын проблемалар мен мәселелер кешені анықталды.

Оның ішінде:

дәрілік заттардың тиімсіз сауда атауларын сатып алу;

сары картаны толтыру, оны дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды «Ұлттық сараптама орталығы дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды» ШЖҚ РМК жіберу кезінде (ҰСОЖҚ) қабылданған шаралар мен шешімдер туралы кері байланысы мен ақпарат жоқ;

«СК-Фармация» ЖШС-нен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу болмаған жағдайда медициналық ұйымдарға дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өз бетінше сатып алу мүмкіндігі берілмеген. «СК-Фармация» ЖШС осындай дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алғанға дейін АЕҚ аясында емделушілер қамтылмай қалады;

Пациенттердің амбулаториялық деңгейде қамтамасыз етілуін талдау әдістемесінің жетілмегендігін ерекше атап өткен жөн.

Нәтижесінде пациенттердің қамтамасыз етілу пайызы «ДНЭР» АЖ диспансерлік есебінде тұрған пациенттер санынан «ЕҚАЖ» АЖ деректерін амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етумен пациенттерді нақты қамтамасыз етуге есептеледі.

Бұл көрсеткіш тұрақсыз, кезең-кезеңнен жинақтаушы, кумулятивтік әсерге ие және пациенттерді амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету бойынша қамтамасыз ету фактісінің көрсеткіші ретінде пайдаланылады.

Жетілмеген әдістемені қолдану нәтижесінде пациенттердің амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен нақты қамтамасыз етілу фактілері орын алады, бұл пациенттер тарапынан әділ шағымдарды тудырады.

Келесіні әзірлеу және енгізу ұсынылады:

1) цифрлық шешімдерді енгізе отырып және ақпараттық жүйелерді интеграциялай отырып, пациенттердің амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен қамтамасыз етілуін талдаудың жаңа әдістемесін;

2) медициналық ұйымдардың қоймасында (дәріханасында) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қалған көлемі бойынша өнім беруші тарапынан электрондық мониторинг жүйесі және бір айлық қордан аз қалғанда қажетті көлемдерді жеткізу.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша стационарлық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде дәрілік заттармен қамтамасыз ету үшін кедергілер тудыратын проблемалар мен мәселелер кешені анықталды.

Қолданыстағы ережелерге сәйкес алдын ала өтінім беру шарт жасасу үшін негіз болып табылады.

Сонымен қатар, күнтізбелік жылдың 1 маусымы мен 15 желтоқсаны аралығындағы кезеңде мәлімделген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың көлемі мен тізбесі елеулі өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Осыған қарамастан, «СК-Фармация» ЖШС стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарды алдын ала өтінімде бұрын берілген көлемдерге және тізбеге шарт жасасуға міндеттейді, бұл шарт жасасу кезеңінде іс жүзінде талап етілмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуға әкеледі.

Жоғарыда айтылғандармен қатар, жөнелтілген және жөнелтілмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қажеттілік болмаған жағдайда, стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда «СК-Фармация» ЖШС қоймасына осындай дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды толық көлемде (100 %) қайтару мүмкіндігі жоқ. Қолданыстағы заңнамада талап етілмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды толық көлемнің 25% - нан аспайтын көлемде ғана қайтару мүмкіндігі белгіленген.

Жүргізілген талдаумен келесіге байланысты проблемалар да анықталды:

«СК-Фармация» ЖШС сатып алатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың көлемі туралы ақпаратты берудің ұзақ мерзімдері (1 маусымнан 15 желтоқсанға дейін). Нәтижесінде 15 желтоқсанға дейін стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда «СК-Фармация» ЖШС тарапынан сатып алудың болмауына байланысты нақты сатып алынатын «СК-Фармация» ЖШС көлемі және стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйым дербес сатып алуы тиіс көлем бойынша ақпарат болмайды;

«СК-Фармация» ЖШС тарапынан дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қосымша көлемін сатып алудың нақты мерзімдері айтарлықтай (бір тоқсаннан астам);

күнтізбелік жылда «СК-Фармация» ЖШС сатып алмаған тізбе бойынша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өз бетінше сатып алуды жүргізу үшін нақты мерзімдердің болмауы. Күнтізбелік жылдың 15 желтоқсанынан кейін "СК-Фармация" ЖШС сатып алмаған тізбе бойынша стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдар қолданыстағы заңнамаға сәйкес мұндай тендерлерді өткізудің ең аз мерзімі - 41 күнтізбелік күн және 4 жұмыс күні 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде осындай дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу бойынша барлық тендерлік рәсімдерді өткізе алмайды;

медициналық ұйымдарға жеткізу кезінде тиісті логистиканың болмауы;

дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға жеткізетін компаниялар ұзақ мерзімде қызмет көрсетеді, бұл медициналық ұйымдарды дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қоймалардан өз бетінше әкетуге мәжбүр етеді;

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына келесі мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады:

1) егер аталған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды «СК-Фармация» ЖШС тиісті жылдың 15 қарашасына дейін жүзеге асырған және тиісінше, соңғысының көрсетілген мерзімге дейін медициналық ұйымдармен қол қою жөніндегі міндеттемелерін белгілеген жағдайларда, ТМККК және МӘМС қаражаты

есебінен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу бойынша жергілікті атқарушы органдарға құзырет беру;

2) «СК-Фармация» ЖШС сатып алу үшін алдын ала өтінімде белгіленген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін мерзімді нақтылауды көздейтін тетікті енгізу;

3) медициналық ұйымдарға «СК-Фармация» ЖШС талап етілмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды толық қайтару құқығын беру және тиісінше оларды қайтару мүмкіндігі шартымен жеткізушілермен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу шарттарын жасасу жөніндегі соңғысының міндеттемелерін белгілеу;

4) стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымның препаратты пациентке жібергеннен кейін «СК-Фармация» ЖШС дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға ақы төлеу құқығын айқындау.

2.9.3 Жергілікті бюджеттен қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету

Кодекстің 12-бабы 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес облыстардың жергілікті атқарушы органдары тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, мамандандырылған емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды амбулаториялық емдеу кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін және (немесе) жеңілдікті шарттармен қосымша беру туралы шешім қабылдайды.

Мәслихаттардың шешімдері Әділет министрлігінде нормативтік құқықтық актілер ретінде тіркеледі. Талдау осы құзыретті жүзеге асыруда процедуралардың күрделілігі мен көптігін анықтады.

Мәслихаттың кезекті отырысында жобаны қарауға және дәрілік заттарды жеткізушіні іздеуге байланысты мерзімдер неғұрлым ұзақ болып табылады. Мысалы, Маңғыстау облысында. «Буллезді эпидермолиз» аурулары кезінде қажетті препараттарды алу туралы хабарлама 2021 жылғы 26 мамырда басталып, толық процесс 2022 жылғы 21 шілдеде аяқталды. Мемлекеттік сатып алу процесі 2021 жылдың қазан айында басталды. Тізімге енгізілмеген дәрі-дәрмектерді жергілікті бюджеттен алудың нақты мерзімі шамамен 1 жыл 2 айды құрады.

Амбулаториялық емдеу кезінде тегін және (немесе) жеңілдікті жағдайларда Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін медициналық көмектің, оның ішінде дәрілік заттардың, мамандандырылған емдеу өнімдерінің, медициналық бұйымдардың кепілдік берілген көлемін қосымша беру туралы мәслихаттардың шешімдерін мемлекеттік тіркеу жөніндегі талаптарды жою мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының құқықтық актілер туралы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

2.9.4 Сатып алынатын дәрілік заттар сапасының басымдығы

Қолданыстағы қағидаларға сәйкес сатып алу мынадай қағидаларды сақтай отырып жүргізіледі – бұл әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік; сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы; отандық тауар өндірушілерді қолдау. Бұл ретте сатып алу ең төмен баға қағидалары бойынша жүзеге асырылады.

Бірыңғай дистрибьютордың ұстанымына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қамтамасыз ету мәселелерінде мынадай проблемалар бар

отандық тауар өндірушілердің портфелі тиімділігі төмен генерикалық препараттармен ұсынылған.

Нәтижесінде республикада сатып алынатын дәрілік заттардың едәуір көлемі түпнұсқа препараттармен емес, генериктермен ұсынылған.

Көбінесе әртүрлі сауда атауларымен тиімсіз немесе тиімдігі төмен дәрілік заттар немесе өндіріс елінде тіркелмеген генериктер сатып алынады, бұл емдеу сапасының төмендеуіне, елеулі жағымсыз реакцияларға әкелуі мүмкін.

Қажетті дәрілік заттардың тапшылығы, сондай-ақ олардың сапасының төмендігі қазақстандық қоғам мен елдің ұлттық қауіпсіздік жүйесі үшін елеулі тәуекелдер тудыратынын назарға ала отырып, дәрілік заттарды сатып алу кезінде тәсілді түбегейлі өзгерту ұсынылады.

Дәрілік заттарды сатып алу кезінде бірінші кезекте ұсынылатын дәрілік препараттың бағасы емес, сатып алынатын дәрілік заттың сапасына басымдылық берумен айқындалады.

Отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық жеткізушілерге қолдау көрсету қағидаты «пациентке бағдарлану» қағидатына қайшы келген жағдайда қолданылмауға тиіс. Бұл ретте, дәрілік препараттарды әзірлеу, дайын дәрілік нысанды және оның қаптамасын әкелу, өндірісті Қазақстан Республикасының аумағына толық технологиялық трансферттеу кезеңінде отандық тауар өндірушілерге субсидиялар және өзге де жеңілдіктер түрінде мемлекеттік қолдау мүмкіндігін қарастыруға болады.

Еуразиялық экономикалық Одаққа мүше-мемлекеттердің тауар өндірушілері мен отандық тауар өндірушілердің басым құқығын жою және барлық әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру арқылы дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу кезіндегі тәсілдерді қайта бағдарлау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

2.9.5 Дәрілік заттарға шекті бағаларды қалыптастыру

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес дәрілік заттың бағасын тіркеу үшін өтініш беруші кедендік шығыстар бойынша деректерді қоса береді.

Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінің (Астана-1) бағаны тіркеу үшін жекелеген өтінімдерді беру кезінде «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптаудың Ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК ақпараттық жүйесімен интеграциялануының болмауына байланысты, өтінім беруші нақты деректердің орнына өндірушінің бағасынан пайыздық мәнде кедендік шығыстар туралы есеп немесе ақпарат қоса береді, бұл дәрілік заттарға шекті бағаларды қалыптастыру объективтілігіне айтарлықтай әсер етеді.

Дәрілік заттарға шекті бағаларды қалыптастыру процесін автоматтандыруға бағытталған, мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесін және «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптаудың ұлттық орталығын» интеграциялау жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

2.10 Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін жетілдіру

2.10.1 Мемлекеттік қызметтерді ұсынудың проактивті нысанына ауыстыру Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу

«Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін нысаны қағаз түрінде де, электрондық нысанда да көзделеді, нарколог пен психиатрдың қорытындысы талап етіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы «Психиатрия» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер беру», «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушілерге баруға мәжбүр, бұл «бір терезе» қағидатына сәйкес келмейді. Көрсетілетін қызметті алушыларда осындай қызметтердің ақылы сипатына байланысты белгілі бір қиындықтар туындайды.

Талдау арқылы психиатр мен наркологтың өкілеттігін «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызмет көрсететін медициналық ұйымға беру арқылы көрсетілген қызметтерді проактивті нысанда көрсету мүмкіндігі анықталды.

Бұл ретте Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің қағаз нысанын алып тастау ұсынылады.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерін өндіру объектісіне есептік нөмір беру

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерін өндіру объектісіне есептік нөмір беру мемлекеттік қызмет көрсету мүмкіндігі белгіленді, өйткені Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының 10-тармағына сәйкес «бір өтініш» қағидаты бойынша қызмет көрсету нәтижесі – объектіге есептік нөмір беру туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды және растау не оны көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Санаторий-курорттық емделуге қажеттілік туралы қорытынды және стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді беру.

Медициналық ұйымдарда пайдаланылатын кешенді ақпараттық жүйелер қажетті медициналық деректерді, зертханалық, аспаптық зерттеулердің нәтижелерін, пациентке қатысты бейінді мамандардың жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша көрсету нәтижесін беру туралы шешім қабылдау үшін қажетті қорытындыларын қамтиды.

Медициналық көмек көрсетудің қағидалары мен стандарттарына сәйкес стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме науқасқа шығарылған кезде берілуі тиіс.

Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру

Жүргізілген талдау Денсаулық сақтау саласындағы шетелдік маман сертификаты, Денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты, білім алушылардың, кәсіптік даярлық түлектері мен денсаулық сақтау саласындағы мамандардың білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыратын ұйымды аккредиттеу, Денсаулық сақтау саласындағы тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеу, санитариялық-эпидемиологиялық саладағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу, халықтың әл-ауқаты, санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеу үшін 5 жыл қолданылу мерзімін белгіледі.

Денсаулық сақтау саласындағы шетелдік маман сертификатын, Денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификатын беру, сондай-ақ білім алушылардың,

кәсіптік даярлық түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыратын ұйымды аккредиттеу, Денсаулық сақтау саласындағы тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеу, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу, жеке және заңды тұлғаларды санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеу

Өтініш беруші көрсетілген 6 мемлекеттік қызмет бойынша ұсынатын құжаттардың тізбесін көрсетілетін қызметті алушылар сертификаттың және аккредиттеудің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалыптастыратынын назарға ала отырып, сертификат пен аккредиттеу мерзімі аяқталған кезде мұндай құжаттар мен ақпарат ақпараттық жүйелерде немесе көрсетілетін қызметті алушыларда қамтылады, көрсетілетін қызметті қайта көрсеткен немесе сертификаттар мен аккредиттеулерді қайта растаған жағдайларда көрсетілген мемлекеттік қызметтерді проактивті форматқа ауыстыру ұсынылады.

Мысалы, Денсаулық сақтау саласындағы шетелдік маманның сертификаты республика аумағында оны беру туралы шешім шығарылған күннен бастап 5 жыл бойы қолданылады. Осы мерзім өткеннен кейін сертификаттың қолданылуы тоқтатылады. Шетелдік маманның сертификаты әр бес жыл сайын расталуға жатады.

Сертификат мерзімі аяқталған кезде шетелдік маман бойынша қажетті құжаттар мен мәліметтер тізбесі қалыптастырылып, ақпараттық жүйелерде қамтылған.

Осыған байланысты маманды сертификаттауды растау рәсімін проактивті форматта жүргізген жөн, аталған жағдайда мемлекеттік орган шетелдік маманды сертификаттың қолданылу мерзімінің аяқталғаны туралы хабардар етеді және мемлекеттік қызметті СМС - хабарлама арқылы қайтадан алуды ұсынады.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру

«Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметін көрсету ақпараттық жүйелерде қажетті ақпараттың болуына байланысты көрсетілетін қызметті алушыларға ай сайынғы немесе тоқсан сайынғы негізде проактивті нысанда ұсынылуы мүмкін

Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру

«Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі білім беру бағдарламасын толық меңгерген сәттен бастап немесе біліктілікті арттыру курстары мен сертификаттау курсының ұзақтығына қарамастан оқу аяқталғаннан кейін проактивті нысанда көрсетілуі мүмкін.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емдеуге жіберудің және (немесе) отандық медициналық ұйымдарда емдеу жүргізу үшін шетелдік мамандарды тартудың орындылығы туралы құжаттарды қабылдау және қарау

«Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емдеуге жіберудің және (немесе) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде отандық медициналық ұйымдарда емдеу жүргізу үшін шетелдік мамандарды тартудың

орындылығы туралы құжаттарды қабылдау және қарау» Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін заңды негіздері бар барлық пациенттерге проактивті форматта көрсетілуі мүмкін, өйткені пациент сәйкес келген кезде белгіленген талаптарға сәйкес ақпараттық жүйелер мен медициналық ұйымдарда барлық қажетті құжаттар тізімі, сондай-ақ зертханалық, аспаптық зерттеулердің нәтижелері және бейінді мамандардың қорытындылары бар.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызметтерді ұсынудың проактивті нысанына ауыстыру ұсынылады

2.10.2 Мемлекеттік қызметтерді ұсынудың нысанын композиттік нысанына ауыстыру

Дәрігерді үйге шақыру, жедел медициналық көмекті шақыру, дәрігердің қабылдауына жазылу, пациенттерге стационарға жатқызуға жолдама беру, азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, мамандандырылған емдік өнімдерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды ұсыну, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру, Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру мемлекеттік қызметтері.

Науқас ауырған кезде медициналық ұйымның қосымшасы немесе медициналық ұйымы арқылы учаскелік немесе бейінді маманға жазылуда қиындықтар туындайды. Сондай-ақ, дәрігерде «Тірі» кезек арқылы қабылдауда қиындықтар туындайды (негізінен пациенттерге жазба бойынша қызмет көрсетіледі).

Пациент әртүрлі негіздер мен мәселелер бойынша әр жүгінген сайын (дәрі-дәрмек беру, аурухана парағын ашу және жабу, анықтама, ауруханаға жатқызу кезінде) медициналық қызмет көрсету және/немесе Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу мерзіміне әсер ететін қайта жазылуға немесе сол рәсімдерден өтуі тиіс.

Медициналық ұйымдарда жазбаның болмауына және жұмысты толық автоматтандырудың болмауына байланысты кезектерде жанжалды жағдайлар және вирустар мен инфекциялардың таралуы (сау және науқас пациенттердің қиылыстарын азайту) орын алады.

Жоғарыда көрсетілген қызметтерді композиттік форматқа ауыстыру пациенттің медициналық ұйымдарға жүгіну санын қысқартуға мүмкіндік береді.

Науқас үшін дәрігерге бірінші рет барғанда немесе дәрігерді үйге шақыруға бірінші рет өтінім бергенде, қосымшада терезе ашылады және диагнозға және денсаулық жағдайына байланысты қосымша арқылы жедел медициналық көмекке қоңырау шалуға болады (операторға қоңырау шалудың және күтудің қажеті жоқ), сондай-ақ қосымша арқылы қажет болған жағдайда рәсімдеуге болады, науқасты стационарға жатқызуға жолдауды рәсімдеу болады (дәрігерге жеке жазылудың және дәрігерге жолдама алу үшін барудың, жолдаманы басып шығарудың қажеті жоқ).

Сонымен қатар, дәрілік заттарды, мамандандырылған емдік өнімдерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды беруге арналған бланк алуға пациент дәрігерге қосымша жазылмайды, мұның бәрі ашық терезе арқылы электрондық нысанда жүзеге асырылады (дәрігер қосымшадағы ЭЦҚ арқылы рецепт пен электрондық бланк рәсімдейді).

Көрсетілетін қызметті алушы бекітілген емхананың дәрігері электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне түсетін рецепттер мен хабарламаны жазып береді деп болжанады. Сонымен бірге электронды рецепт емхананың дәріханасына түседі. Көрсетілетін қызметті алушыға емхананың дәріханасында фармацевт жеке куәлігі бойынша салыстырылғаннан кейін тегін дәрілік препараттар берілетін болады.

Емделу қорытындысы бойынша пациентке дәрігерге қосымша жазылу қажет болмайды, себебі электрондық нысандағы ашық терезе арқылы көрсетілетін қызметті алушыға еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама және/немесе алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беріледі.

Бұл композиттік Мемлекеттік қызмет медициналық қызметтерді күту уақытын қысқартуға, дәрілік заттармен қамтамасыз етуге және медициналық ұйымдардан анықтамалар беруге мүмкіндік береді.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу және алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу.

Жеке тұлғаны алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымына бекіту медициналық көмек алу құқығын іске асыру және денсаулық сақтау ұйымдарының ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі міндеттемелерін орындау үшін негіз болып табылады.

ТМККК шеңберінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін әрбір Денсаулық сақтау ұйымына тіркелген Халықтың нақты саны туралы деректер базасын қалыптастыру үшін «Бекітілген халық тіркелімі» АЖ әзірленді.

Халықтың нысаналы топтарының профилактикалық медициналық қарап-тексерулері - ауруларды ерте сатыларда анықтауға және аурулардың дамуын, аурулардың пайда болуына ықпал ететін қауіп факторларын алдын алуға, халықтың денсаулығын қалыптастыруға және нығайтуға бағытталған скринингтік қарап-тексерулер.

Медициналық ұйымға бекітілгеннен кейін ересек тұрғындардың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық тексеруден өту қажеттілігі мен шарттары туралы хабарлау қажет. Мемлекеттік қызметшілерге арналған Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығының Ауруханасындағыдай халықтың нысаналы топтарының профилактикалық медициналық қарап-тексеруден уақтылы өтуін қамтамасыз ету практикасын қолдану қажет.

Сонымен қатар, емханалар мен отбасылық дәрігерлік амбулаторияларда тіркелген адамдардың есебі жүргізілмейді және тиісінше ересек халықтың нысаналы топтарын профилактикалық медициналық тексеруден өту қажеттілігі туралы уақтылы хабардар етпейді.

Одан бөлек, 2021 жылы елорданың отбасылық дәрігерлік амбулаториялары үйде 1 жасқа дейінгі жаңа туған балаға патронаж жүргізбеген.

Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу, «Психиатрия» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер беру, «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер беру

Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіптік-консультациялық қорытынды) болып табылады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету кезінде нарколог пен психиатрдың қорытындысы талап етіледі, бұл екі мемлекеттік қызмет бойынша нәтиже алу үшін «Психиатрия» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер алуды, «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер алуды көздейді.

Нарколог пен психиатрдың қорытындысын қосу қажеттілігі іс жүзінде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің ұлғаюына әкеледі, алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өту 1 жұмыс күнінен асады.

Көрсетілген үш Мемлекеттік қызмет бойынша композиттік формаға көшу көрсетілетін қызметті алушыларды барып - келуге, әрбір мемлекеттік қызметті алуға мәжбүрлемей-ақ көрсетуге мүмкіндік береді.

Дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу, сондай-ақ дәрілік заттарды Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярға (ҚҰФ), Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тізбесіне, амбулаториялық шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тізбесіне енгізу жөніндегі функциялар қамтамасыз ету (АДҚ), сондай-ақ бағалық реттеуге жататын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тізбесіне енгізу.

Дәрілік заттарды нарыққа сатуға шығару процесі өзінің кезеңділігі бойынша күрделі және мерзімі бойынша ұзақ болып табылады. Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызмет және 4 бизнес-процесс (функциялар) осы процесте айқындалушы болып табылады.

Дәрілік заттарды нарыққа шығару мерзімдерін қысқарту мақсатында дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, дәрілік заттарды ҚҰФ-қа, бірыңғай дистрибьютор тізіміне, АДҚ тізбесіне, бір ақпараттық өрістегі «Бірыңғай терезе» қағидаты бойынша бағалық реттеуге жататын дәрілік заттар тізбесіне енгізу бойынша рәсімдерді жүзеге асыру ұсынылады, бұл қызмет алушылардың қызмет берушілерге жүгіну санын қысқартуға, сондай-ақ дәрілік заттарды нарыққа шығару мерзімдерін қысқарту мүмкіндік береді.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтерді оларды ұсынудың композиттік нысанына ауыстыру ұсынылады

3. Құқықтық коллизиялар, құқықтық реттеудің олқылықтары мен кемшіліктері

3.1 Өте жоғары құқықтық талаптар

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 250-бабының 4-тармағына сәйкес жарамсыз болып қалған, жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар, жалған және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа да дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өткізуге және медициналық қолдануға жарамсыз деп есептеледі және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілер өз иелігіндегі осындай дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жоюға тиіс.

Қағидаларға сәйкес жоғарыда аталған міндеттерді қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарын сақтай отырып, субъектілер тікелей жүзеге асыруы тиіс.

Жүргізілген талдаумен дәрілік заттардың айналысы саласындағы субъектілердің (дәріханалардың және дәріхана пункттерінің) өнеркәсіптік кәрізге қолжетімділігі, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама талаптарын сақтай отырып өртеу үшін жағдайлар болмағаны анықталды.

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңына сәйкес қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі қызмет лицензияланады. Тиісінше, аталған рәсімдерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге (қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою) лицензиясы бар ұйымдар жүзеге асырады.

Осылайша, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілерге қатысты жоғарыда көрсетілген міндеттер орындалмайды және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңының талаптарына қайшы келеді.

Сонымен қатар «алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін медициналық ұйымдар ақылы негізде (медициналық анықтама №075/е) көрсетеді, оның құны Кодекстің 202-бабына сәйкес айқындалады. Тіркелген жері бойынша 18 жасқа дейінгі балаларға оқуға түсу және жұмысқа орналасу кезінде Кодекстің 78-бабының 1-тармағының 6-тармақшасына сәйкес тегін көрсетіледі.

Алайда, кезектіліктің көптігі мен бейінді мамандықтағы дәрігерлердің қабылдауын ұзақ күткендіктен, талапкерлер ақылы негізде өз емханасында немесе басқа жерден медициналық тексеруден өтеді

Жүргізілген жұмыстың нәтижелері жекелеген жағдайларда қызмет ету құқығына лицензиясы бар медициналық ұйымдар зертханалық талдауларсыз және тексерулерсіз анықтама беретіндігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне:

1) қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі қызметті қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясы бар ұйымдарға жүктей отырып, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 250-бабының 4-тармағын «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкестендіру;

2) жұмысқа орналасу және оқу орындарына түсу кезінде медициналық қорытынды (нысан 075/е) беру жөніндегі талаптарды алып тастау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

3.2 Ақылы мемлекеттік қызметтердің құны бойынша нақты талаптардың болмауы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» ҚР Заңының 14- бабының 3-1 тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі бар қосымшада мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері болуы тиіс.

Жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес 3 мемлекеттік қызмет бойынша мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызмет алушыдан алынатын төлемнің нақты мөлшерінің жоқтығы анықталды.

Атап айтқанда, «Медициналық ұйымдар қызметінің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін тану мақсатында оларды аккредиттеу» мемлекеттік қызметі бойынша қызметтердің құны аккредиттеуші ұйымның ресми сайтында орналастырылады.

Сыртқы кешенді бағалаудың орташа құны 3 жылға 1 450 976 теңгені құрайды және медициналық ұйымның барлық құрылымдық бөлімшелерін, филиалдары мен өкілдіктерін қамтиды.

«Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» және «Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметтері бойынша мемлекеттік қызмет көрсету құны «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 202-бабына сәйкес, яғни шарттық негізде айқындалады.

Тиісінше, Республика бойынша осы мемлекеттік қызметтерді көрсетуге арналған түрлі тарифтерді белгілеу тәжірибесі бар.

«Медициналық ұйымдар қызметінің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін тану мақсатында оларды аккредиттеу», «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу», «Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтері үшін қызмет алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін белгілеуге бағытталған Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

3.3 МӘМС жүйесінде тәулік бойы травматологиялық пункттер көрсететін қызметтердің тізбесін белгілейтін НҚА-нің және сауда атаулары бойынша дәрілік заттарға шекті бағалардың сақталуына мониторинг және бақылау жүргізу тәртібін айқындайтын НҚА-нің болмауы

МӘСҚ 2021 жылдан бастап МӘМС жүйесінде тәулік бойғы травматологиялық пункттің медициналық қызметтерін сатып алу туралы лот орналастырады.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша МӘМС жүйесінде тәулік бойы травматологиялық пункттер көрсететін қызметтердің тізбесін белгілейтін НҚА жоқ.

Медициналық қызметтердің тарифі есебінде жабдықтың амортизациясы есепке алынбайды.

Нәтижесінде 2021 жылы аталған лот бойынша бөлінген қаржы игерілмей, бюджетке қайтарылған.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде тәулік бойы травматологиялық пункттер көрсететін қызметтер тізбесін белгілеуге бағытталған нормативтік құқықтық актіні әзірлеу және бекіту ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 27 тамыздағы № ҚР ДСМ-94 бұйрығына сәйкес дәрілік заттардың сауда атаулары бойынша шекті бағасы бекітілді.

Кодекстің 245-бабының 6-бөлігіне сәйкес уәкілетті орган дәрілік заттардың сауда атаулары бойынша шекті бағаларының сақталуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта уәкілетті орган жоғарыда аталған функцияны дәрілік заттарға сауда атаулары бойынша шекті бағалардың сақталуына мониторинг және бақылау жүргізу тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актінің болмауына байланысты жүзеге асырмайды.

Сауда атаулары бойынша дәрілік заттарға шекті бағалардың сақталуына мониторинг және бақылау жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

3.4 Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының болмауы

«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы маман сертификатын беру», «халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу», «халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандарды кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттау», «санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша қағидалар жоқ.

«Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында қызмет көрсету мерзімі жоқ.

Ұсыныс ретінде:

1) Аталған «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы маман сертификатын беру», «халықтың санитариялық-

эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу», «халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандарды кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттау», «санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеу» мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

2) «Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру» мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актінің қызмет көрсету мерзімдерін нақтылау бөлігінде мынадай: «құжаттарды тапсыру үшін күту уақыты – 30 минут; қызмет көрсету уақыты – үзінді көшірме жасалған сәттен бастап 60 минут» өзгерістері мен толықтырулар енгізу бойынша шаралар қабылдау ұсынылады.

3.5 Ақылы мемлекеттік қызметтердің құны, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіру, дайындау, сақтау және өткізу үшін жабдықтар мен жарақтандыру тізбесі бойынша нақты талаптардың болмауы

«Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуге келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі.

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңында «Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуге келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру» рұқсаты бекітілмеген, алайда мемлекеттік қызмет көрсету кезінде рұқсат беру құжаты ұсынылады.

Рұқсаттың қолданылу мерзімін бекіте отырып, «Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуге келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру» мемлекеттік қызметі бойынша «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының екінші санаттағы рұқсаттар тізбесі бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау мен тасымалдаудың қолданыстағы қағидаларында, жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіру, дайындау, сақтау және өткізу үшін жабдықтар мен жарақтардың толық тізбесі жоқ.

Өз кезегінде, аталған құқықтық олқылық дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сапасын, оның ішінде мемлекеттік бақылау шараларының тиімділігін қамтамасыз ету мәселелеріне тікелей қауіп төндіреді.

Сонымен қатар, іс жүзінде медициналық ұйымдардың (дәріханалар, дәріхана пункттері, дәріхана қоймалары, оптика дүкендері) біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтауда қиындықтар туындайды.

«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіру, дайындау, сақтау және өткізу үшін қажетті жабдықтар мен жарақтардың тізбесін көздейтін» дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Денсаулық сақтау министрінің бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

3.6 Бюрократия мен әуре-сарсаңға жағдай туғызатын құқық нормаларының коллизиясы

«Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартының 9-тармағының 2-тармақшасына сәйкес «ұсынылған деректер мен мәліметтердің, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 94-бабының 4-тармағына сәйкес бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі» мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді талдау барысында санитариялық-қорғаныш аймақтарына талаптарды белгілеу бөлігінде қарама-қайшылықтар анықталды.

«Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № ҚР ДСМ -36 бұйрығымен бекітілген) 9-тармағының 5-тармақшасына сәйкес «қуаттылығы аз объектілерді адамға және адамның денсаулығы тіршілік ету ортасы факторларының зиянды әсері болмаған, нөл метр деңгейінде санитариялық-қорғаныш аймағын негіздеу жобасына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бар болған, нормалау құжаттарына және осы Санитариялық қағидаларға сәйкес болған жағдайда тұрғын үй ғимараттарында, тұрғын үй ғимараттарының ішіне салынған, жапсарлас салынған және жапсарлас-жанастыра салынған үй-жайларында және азаматтық мақсаттағы ғимараттарда орналастыруға жол беріледі».

Бірақ бұл ретте «Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына (ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығымен бекітілген) сәйкес объектілердің санитариялық қорғау аймағының ең аз мөлшері 50 метрден белгіленеді, алайда нөлдік метр деңгейінде жіктеуіш жоқ.

Бұл қарама-қайшылық мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тартуға әкелуі мүмкін.

«Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № ҚР ДСМ -36 бұйрығымен бекітілген) және «Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының (ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығымен бекітілген) нормалары арасындағы санитариялық-қорғаныш аймақтары талаптары бөлігіндегі қарама-қайшылықтарды алып тастау ұсынылады.

Стандарттың 4-тармағына сәйкес «фармацевтикалық қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық, алайда «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңының 20-бабы 1-тармағының 3-тармақшасында өтініш берушінің рұқсатты және (немесе) оған қосымшаны алу үшін немесе хабарлама жіберу үшін өтініштің электрондық немесе қағаз нысанын таңдауға құқығы көзделген, заңда әлі күнге дейін мемлекеттік қызмет көрсетудің балама нысаны көрсетілген.

Бұйрықта (ҚР ДСМ 2022 жылғы 16 мамырдағы № ҚР ДСМ-45) көрсетілетін қызметті алушының эпидемиялық маңызы жоғары объектілерге арналған нормативтік

құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан СЭБ органдарымен келісу көзделген, алайда «Медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 23.10.2018 жылғы №669 қаулысында эпидемиялық маңызы бар объектілерді келісу көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 мамырдағы №ҚР ДСМ-45 бұйрығымен бекітілген «Фармацевтикалық қызметке лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары басшылыққа ала отырып, мемлекеттік органдар көрсетілетін қызметті берушінің сұрау салуы негізінде 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының лицензиялау кезінде немесе рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру кезінде қойылатын талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі туралы жауап жіберуге міндетті, микро кәсіпкерлерге тексеру 5 күнге ашылған жағдайларда, 10 жұмыс күні ішінде жауап беру мүмкін емес, өйткені ПСОБТ базасында тексеруді бес күн ішінде жабу қажет, ал келісуші орган оны кейінірек беруге құқылы. Бұл сәйкессіздік ПСОБТ-де тексеруді жабу кезінде теріс әсер етуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілгендермен қатар мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем сомасы бойынша коллизиялар анықталды

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 6-тармағының 2-тармақшасында мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және лицензияны қайта ресімдегені үшін оны алу тәсілдері тиісті мөлшерлеменің 10%-нан бастап құралады.

Сонымен қатар, заңнамада «тиісті мөлшерлеме» ұғымының анықтамасы жоқ. Төлем шлюзі порталда 1 АЕК мөлшерінде төлем белгіленген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 23 қазандағы № 669 қаулысының 1-тармағының 3) тармақшасы және «Фармацевтикалық қызметке лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларының (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 мамырдағы №ҚР ДСМ-45 бұйрығына 1-қосымша) 8-тармағы арасындағы медициналық және фармацевтикалық қызметке лицензия беру кезінде келісуді жүргізу талап етілетін эпидемиялық маңызы бар объектілерді нақтылау бөлігіндегі коллизияларды алып тастау ұсынылады.

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңының 20-бабының 1-тармағының 3) тармақшасы мен «Фармацевтикалық қызметке лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4-тармағы арасындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу нысаны бөлігіндегі қайшылықтарды жою ұсынылады.

Ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету қағидаларының (бұдан әрі-қағидалар) 5 – тармағына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-308/2020 бұйрығына қосымша) қызметті алушы транспланттау мақсатында органдардың қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына тірі кезінде бас тарту туралы не тірі кезінде келісім беру туралы өтініш береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 5-тармағына сәйкес қызметтің нәтижесі тірі кезінде бас тартуды немесе «қайтыс болғаннан кейін органдардың донорлығына келісімді тіркеу туралы» анықтама болып табылады.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 212-бабының 3-тармағына сәйкес қайтыс болғаннан кейінгі донордан ағзаларын (ағзасының бөлігін) және (немесе) тіндерін (тінінің бөлігін) трансплантаттау үшін

алуға, егер алу кезінде медициналық ұйым осы адам тірі кезінде не ол қайтыс болғаннан кейін осы тармақтың екінші бөлігінде аталған өзге адамдар оның ағзаларын (ағзасының бөлігін) және (немесе) тіндерін (тінінің бөлігін) алуға өзінің келіспейтіні туралы мәлімдегенінен хабардар болса, жол берілмейді.

Адамның тірі кезіндегі ерік білдіруі болмаған жағдайда, оның ағзаларын (ағзасының бөлігін) және (немесе) тіндерін (тінінің бөлігін) транспланттау үшін алуға өзінің келіспейтіні (келісімі) туралы жазбаша мәлімдеуге жұбайының (зайыбының), ол болмаған кезде жақын туыстарының бірінің құқығы бар.

Осылайша, транспланттау мақсатында қайтыс болғаннан кейінгі органдардың донорлығына және транспланттау үшін қайтыс болғаннан кейінгі донордан ағзаларды (ағза бөлігін) және (немесе) тіндердің (тін бөлігін) алу бойынша оның тірі кезіндегі келісімі болған кезде жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының бірінің келісімін алу талап етілмейді.

Сонымен қатар Қағидалардың 19-тармағына сәйкес жұбайы (зайыбы) немесе жақын туыстарының бірі хабардар еткен соң, олар қайтыс болған адамның мәйітінен ағзаларды алуға келіспеуі немесе келісуі туралы осы Қағидаларға 4 - қосымшаға сәйкес жазбаша нысанда мәлімдеме береді.

Транспланттау мақсатында адамнан оның қайтыс болғанынан кейін органдарын донорлыққа алу үшін оның тірі кезінде келісімі болған кезде жұбайынан (зайыбынан) жазбаша нысанда немесе жақын туыстарының бірінен донорлыққа алу бойынша келісімін алуды міндеттейтін норманы алып тастау бойынша «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 212-бабының 3-тармағы мен Ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету қағидаларының 19-тармағы арасындағы қайшылықтарды сәйкестендіру ұсынылады.

3.7 Медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасына жүргізілетін ішкі және сыртқы сараптамалар рәсімдеріне құқықтық реттеудің болмауы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығымен бекітілген Медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларында медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды жүргізу кезеңдері, сараптама жүргізуге уәкілеттілер, сараптама субъектілері және ақпарат көздері айқындалған.

Көрсетілген Қағидаларда қорытындыларды қалыптастыру және медициналық қызметтер (көмек) сапасына сыртқы сараптама қорытындысына енгізу үшін нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, денсаулық сақтау саласындағы бейінді мамандармен өз құзыреті шеңберінде медициналық көмектің сапасын бағалау қорытындылары бойынша медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасы бойынша қорытындыларды ұсыну көзделген.

Алайда, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 35-бабында бейінді маманның қатысуы көзделмеген.

«Медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығының 26-тармағын Кодекстің 35-бабының 4-бөлігіне, яғни бейінді мамандарды сыртқы сараптамаға заңсыз тарту бөлігінде сәйкестендіру ұсынылады.

Қағидаларға сәйкес бірінші кезең – есепке алу және есептілік құжаттамаларды талдау, екінші кезең – клиникалық аудит шеңберінде сыртқы және ішкі сараптама жүргізіледі.

Талдауы қорытындысы бойынша құқық қолдану тәжірибесіндегі құқықтық олқылықтар мен кемшіліктер анықталды.

Яғни, *Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығында есептік құжаттама нысандарын және денсаулық сақтау саласындағы нұсқаулықтарды бекіту бойынша есептік медициналық құжаттаманың бірқатар нысандары, оларды жүргізу, қалыптастыру және жабу мерзімдерін белгілейтін нормалар, өзін-өзі бақылау деңгейінде медициналық құжаттаманы толтыру сапасына талдау жүргізу бойынша өлшемшарттар мен талаптар, сыртқы бақылау субъектілері үшін ақпараттық жүйелерге қол жеткізу құқығын белгілейтін нормалар және пациенттің ақпараттандырылған ерікті келісімі және патологиялық-анатомиялық бюроларға 001/е нысанындағы медициналық құжаттарды жіберу рәсімдерінің электрондық форматы жоқ, сондай-ақ есепке алу медициналық құжаттарының электрондық мұрағатын қалыптастыру мәселесінің реттелмегендігі орын алады.*

Сонымен қатар медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттары болмай тұра клиникалық аудит кезінде сараптама жүргізіледі. Сондай-ақ, сапасыз сараптама жүргізілгені үшін жауапкершілік көзделмеген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына бастапқы медициналық құжаттама нысандарын белгілеу, мерзімдерін белгілеу, есепке алу медициналық құжаттамасын қалыптастыру және жабу және пациенттің ақпараттандырылған ерікті келісімі және патологиялық-анатомиялық бюроларға 001/е нысанындағы медициналық құжаттарды жіберу рәсімдерін электрондық форматқа ауыстыру, өзін-өзі бақылау кезіндегі талаптарды белгілеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрықтың жобасын әзірлеу ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрықтарының медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын бекіту бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрықтың жобасын әзірлеу, сондай-ақ қағаз нысанда есепке алу медициналық құжаттарын жүргізу бойынша нормаларды алып тастау және сапасыз сараптама жүргізілгендігі үшін жауапкершілік қарастыру ұсынылады.

6. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау: құрылым, қызметі, рәсімдер, құқықтық реттеу

1. Ұйымдастырушылық құрылым мен басқарушылық қызметті бюрократиядан арылту

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласында жыл сайын мемлекеттік қызметтің 45 түрі көрсетіледі, заңнамамен 251 базалық функция бекітілген, оның ішінде еңбек және халықты жұмыспен қамту саласында – 110, халықтың көші қон саласында – 45, әлеуметтік қамсыздандыру саласында - 96.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласында жоғарыда аталған функцияларды 1 903 мемлекеттік басқару органдарында 3 618 қызметкер жүзеге асырады, оның ішінде:

26-ысы (846 адам) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) жүйесінде: Министрліктің орталық аппараты, Министрліктің 2 ведомствосы (Көші - қон комитеті және Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті); облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы 20 аумақтық департамент;

244-і жергілікті деңгейде (2 772 адам): 20 еңбек инспекциясы басқармасы, 20 жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, 204 жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

Бұдан басқа, 818 түрлі ұйым, оның ішінде 6 Министрлікке ведомстволық бағынысты, 605 жергілікті атқарушы органдарға ведомстволық бағынысты, 207 халықты жұмыспен қамту орталығы бар.

Тартылатын ұйымдық және кадрлық ресурстардың мұндай саны және олардың кең жүйесі осы салада көрсетілетін қызметтерге сұраныстың жоғары болуына байланысты.

1.1 Ұйымдастырушылық құрылым және функционалды бекіту

Министрліктің міндеттеріне мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, халық пен босқындардың көші-қоны саласындағы салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру кіреді.

Осы мақсаттар үшін Министрлікке осы салада бағдарламаларды, нормативтік құқықтық актілерді, көші-қон процестерінің мониторингі шараларының жүйесін әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыруға, оларды реттеуді жүзеге асыруға және мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіруге өкілеттік берілген.

Алайда Министрлік құрамындағы Көші-қон комитетінің ресурстары мен өкілеттіктері жоғарыда аталған міндеттерді толық орындау үшін жеткіліксіз. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 41-бабының 2-тармағына және «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық Заңның 24-бабының 4-тармағына сәйкес Комитетке стратегиялық функцияларды жүзеге асыруға өкілеттік берілмейді.

Халықтың және босқындардың көші-қоны саласындағы стратегиялық функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті құрылымдық бөлімшені құру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құрылымын бекіту туралы бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

1.2 Кадрлық әлеуетті пайдалану

Жергілікті атқарушы органдардың көпшілігінде еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға тартылған келісім-шарт негізінде жұмыскерлерді пропорционалды емес: мемлекеттік қызметші мәртебесі бар 2 772 штаттық қызметкерге қатысты келісім-шарттық негізде 7 370 штаттан тыс қызметкерді тартқан, бұл пропорцияда 1 мемлекеттік қызметшіге 2-ден астам штаттан тыс қызметкерді құрайды. Бұл кадрлық ресурстарға нақты қажеттілік оның бекітілген санынан екі есе көп екенін көрсетуі мүмкін. Аталған көрсеткіш кадр ресурстарына нақты қажеттілік оның бекітілген санынан екі есе артық екеніндігін көрсетеді.

Бұл ретте келісім шарт негіздегі қызметкерлердің жауапкершілігі келісім шарттардың талаптарымен шектеледі және мемлекеттік қызметшілер үшін айқындалған нақты талаптарды көздемейді.

Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың құрылымын, сондай-ақ кадрларға нақты қажеттілікті ескере отырып, санның үлгілік нормативтерін біріздендіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу ұсынылады.

1.3 Басқару процестерін автоматтандыру

Қолданыстағы реттеуге сәйкес жұмыс берушілер тоқсан сайын жұмыспен қамту орталықтарының электрондық поштасына квоталанатын жұмыс орындары бойынша есептерді еркін нысанда ұсынады.

Жұмыс берушілердің жұмыспен қамту орталығына жұмыс орындарының квотасын орындауы туралы мәліметтерді ұсыну үшін «Электрондық еңбек биржасы» интернет-порталының мүмкіндіктерін кеңейту арқылы оған есепті нысандарды бекітуді көздейтін шаралар қабылдау ұсынылады.

Жергілікті еңбек инспекцияларында өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттаудан өткізген кәсіпорындар туралы ақпаратты алу мүмкіндігі жоқ, сол сияқты, зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыс орындарының санын бақылау мүмкін емес.

Еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттау мониторингі процесін автоматтандыру және оған аккредиттелген ұйымдардың өзекті мәліметтерді енгізу алгоритмін әзірлеу жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімінің ақпараттық жүйесінде (ӘІЖБТ АЖ) мемлекеттік еңбек инспекторларының белгілі бір кезең үшін тексеру барысында шығарған әкімшілік айыппұлдар бойынша тізімдерін қалыптастыру мүмкіндігі жоқ.

Мұндай ақпаратты алу және ішкі деректерді салыстыру үшін еңбек жөніндегі жергілікті инспекциялар құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына сұрау салулар жібереді.

Тексеру барысында мемлекеттік еңбек инспекторларының өздері шығарған әкімшілік айыппұлдар бойынша тізімдерін қалыптастыру үшін еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органға «Әкімшілік істердің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

Министрліктің, барлық орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдарда қолданылатын электрондық құжат айналымы халықты жұмыспен қамту

орталықтарының көпшілігінде және медициналық-әлеуметтік мекемелерде (МӘС) қосылмаған.

Жергілікті атқарушы органдардың халықты әлеуметтік қорғау саласындағы ведомстволық бағынысты ұйымдарында электрондық құжат айналымы ақпараттық жүйелерін енгізу жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

2018 жылдың басынан бастап «Электрондық үкімет» порталында sms-хабарлама арқылы үшінші тұлғаның әрбір анықтамасын алуына рұқсат беруден тұратын үшінші тұлғалардың электрондық анықтамаларын алу бойынша сервис қолжетімді.

Бұл сервис «Анықтамасыз қызметтер» жобасын іске асыру шеңберінде пилоттық режимде іске қосылды және қазіргі уақытта үшінші тұлғалармен 21 электрондық анықтамалар мен мәліметтерді алуы үшін әрекет етеді, оның ішінде 4-і Министрліктің құзыретіне жатады.

Мүгедектік туралы анықтаманы «электрондық үкімет» порталында үшінші тұлғалардың анықтамаларын алу тізбесіне енгізу бойынша шаралар қабылдау ұсынылады.

Министрліктің ақпараттық жүйелерінің басқа уәкілетті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен және дерекқорларымен интеграциясы жоғары деңгейде еместігі байқалады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 28.01.2016 ж. № 63 бұйрығымен бекітілген «Ақпараттық жүйелер мен дерекқорларды сүйемелдеу және оларға қол жеткізу қағидаларына» сәйкес Министрліктің қарамағындағы 16 ақпараттық жүйенің ішінен 10-ы белгілі бір дәрежеде әкімшілік шығындарды және әкімшілік рәсімдерді орындау үшін уақытты қысқарту, есепке алу деректерін үздіксіз және тұрақты өзектендіру үшін басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияны қамтамасыз етуі талап етіледі.

Ақпараттық жүйелерді интеграциялау жөнінде келесі шараларды қабылдау ұсынылады:

- мүгедектікті белгілеу және мүгедектігі бар адамдарды есепке алу мәселелері бойынша «Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі» АЖ-ны (Еңбекмині) «Кешенді медициналық ақпараттық жүйелер» АЖ-мен (ДСМ) интеграциялау;

- білім беру ұйымдары үшін жәрдемақы алушылар туралы «Электрондық ректорат» АЖ-ны (ОАМ) және «Е-макет» АЖ-мен (Еңбекмині) интеграциялау;

- автоматтандырылған режимде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат бергені немесе ұзартқаны үшін салық алымын төлеу туралы деректерді алу бөлігінде «Шетелдік жұмыс күші» АЖ-ны (Еңбекмині) «Орталықтандырылған бірыңғай дербес шот» АЖ және «Ықпалдастырылған салықтық ақпараттық жүйе» АЖ (Қаржымині МКК) деректерімен интеграциялау;

- табыс туралы ұсынылған мәліметтерді тексеру мақсатында зейнетақыны тағайындау және есептеу үшін пайдаланылатын «ЕХӘҚМ» АЖ-ны «Орталықтандырылған бірыңғай дербес шот» АЖ-мен және «Ықпалдастырылған салықтық ақпараттық жүйе» АЖ-мен (Қаржымині МКК) деректерімен интеграциялау;

- ұсынылған мұрағаттық құжаттардың дұрыстығын тексеру мақсатында мемлекеттік мұрағаттардың АЖ-мен интеграциялау;

- мүгедектігі бар адамдарды әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар қатарынан шығару үшін Еңбекмині АЖ-сын және Қорғаныс министрлігінің АЖ-сымен интеграциялау;

- мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің тұрғын үй көмегін бұрын алған тұлғалар туралы мәліметтерге қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында «Е-әкімдік» АЖ-ны «ХҚКО» АЖ-мен интеграциялау;

- мүгедек балаларды үйде оқытуға кеткен шығындарды өтеу үшін «Е-Собес» ААЖ-бен және «Е-Әкімдік» ААЖ-ды интеграциялау.

1.4 Функционалдық талдау

Талдау нәтижелері мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті деңгейлері арасында, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар арасында функцияларды қайта бөлу арқылы азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында бақылауды күшейту қажеттігін көрсетеді.

1.4.1 Мүдделер қақтығысымен байланысты берілуі қажет функциялар

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 17-бабына сәйкес еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті атқарушы органға жүктеледі, оның орташа штат саны әр өңірде Халықаралық еңбек ұйымы ұсынғаннан нормадан 3 есе төмен.

Бұдан басқа, жергілікті атқарушы органдардың өндірістік-шаруашылық қызметті дамыту, қала құраушы кәсіпорындар мен халықтың тіршілігін қамтамасыз ету кәсіпорындарының үздіксіз қызметін қамтамасыз ету бойынша міндеттемелері бар коммуналдық кәсіпорындардың меншік иесі болып табылады және сол кәсіпорындардың еңбек инспекциясы бойынша функцияларын қоса атқарады.

Прокуратура органдары анықтаған еңбек қатынастары саласындағы айқын және өрескел бұзушылықтардың көптігі, жергілікті еңбек инспекцияларының күштерімен анықталмаған және жолын кесілмеген, жоғарыда аталған мүдделер қақтығысының салдары болып табылады.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық департаменттеріне еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың функцияларын беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

1.4.2 Нормативті түрде бекітілген, бірақ іс жүзінде орындалмайтын функциялар

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 235 бұйрығымен сәйкестік туралы декларацияның нысаны бекітілді, онда халықты әлеуметтік қорғау органдарының халықтың аз қозғалатын топтары үшін салынған объектіге қолжетімділікті қамтамасыз етуді растауы көзделген, бұл бекітілген жобаны және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтердің талаптарын сақтау бойынша мердігердің жауапкершілігінің бір бөлігін ауыстырады. Сонымен қатар, олардың сақталуын техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын адамдар қамтамасыз етуі керек.

Келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылардың нысандарын бекіту туралы бұйрығына халықты әлеуметтік қорғау органдарының халықтың аз қозғалатын топтары үшін салынған объектіге

қолжетімділікті қамтамасыз етуді растаудың сәйкестігін декларация нысанынан алып тастау;

2) объектілерді жобалау кезінде халықтың мобильділігі төмен топтарының қолжетімділігін қамтамасыз ету нормативтерін белгілеу бөлігінде.

1.4.3 Өкілдік ету тәртібімен берілетін функциялар

Халықты әлеуметтік қорғау шеңберіндегі негізгі мәселелердің бірі төлемдер мен жәрдемақыларды тағайындау және аудару арқылы халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын мемлекет тарапынан материалдық қолдау болып табылады. Республикалық бюджеттен мұндай төлемдер мен жәрдемақылардың 15 түрін тағайындау туралы шешімдерді Министрліктің аумақтық бөлімшелері қабылдайды.

Мұндай төлемдер мен жәрдемақыларды тағайындауға байланысты құжаттарды тексеру және тиісті есеп айырысулардың дұрыстығы, іс макетін қалыптастыру және шешім жобасын дайындауға дейінгі рәсімдердің көпшілігін Мемлекеттік корпорацияның филиалдары жүзеге асырады. Министрліктің аумақтық бөлімшесі де құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын тағы тексереді, содан кейін шешім қабылдайды. Бұл процес арқылы әкімшілік және кадрлық ресурстар негізсіз тартылады, бұл олардың ұтымды пайдаланылуына теріс әсер етеді және мемлекеттік қызметтерді алуға кететін уақыттың ұлғаюына әкеледі.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық бөлімшелерінен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының филиалдарына республикалық бюджеттен төлемдер тағайындау (өзгерту, қайта бастау, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөніндегі мынадай функцияларды беру жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады:

1) «Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау»;

2) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау»;

3) «Бала туғанда берілетін және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау»;

4) «Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау»;

5) «Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау»;

6) «Мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау»;

7) «Көп балалы отбасына жәрдемақы тағайындау»;

8) «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу»;

9) «Жерлеуге арналған бір реттік төлемдерді тағайындау».

Мүгедектікті, азаматтардың еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу Министрліктің аумақтық бөлімшелері жүргізетін, шамамен 271 қызметкер жұмыс істейтін күндізгі (куәландырылатын адамды қарау) немесе сырттай медициналық-әлеуметтік сараптама (МЭС) жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні 12 нозология бойынша мүгедектікті белгілеу үшін медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізудің сырттай форматы бойынша пилоттық жоба іске қосылды, онда азаматтардың инстанциялар бойынша жүруін, қағазбастылықты және

көрсетілетін қызметті берушілердің көрсетілетін қызметті алушылармен байланысын қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушының тек медициналық ұйымға жүгінуі көзделеді.

Дегенмен, бұл рәсімдер формальды болып табылады және мүгедектікті немесе мүгедектік дәрежесін белгілеу туралы шешім қабылдауға құзыреттер өте салыстырмалы. Бұл ретте МӘС шеңберінде қабылданатын шешімдер кейбір жағдайларда даулы және істердің нақты жағдайымен салыстыруға келмейді.

Сонымен қатар, еңбек және әлеуметтік қорғау органдарынан мүгедектікті анықтау функцияларын медициналық мекемелерге беру қажеттілігі туындап отыр. Бұл медициналық мекемелердегі дәрігерлер барлық қажетті диагностиканы жүргізеді, ал еңбек және әлеуметтік қорғау органдарының комиссияларында тұратын дәл осындай дәрігерлер диагноздың негізінде және шегінде ғана мүгедектік дәрежесін анықтайтындығы ақылға қонымсыз.

Бұл функциялардың медициналық мекемелерге берілуі қызметтің аудандық деңгейге дейін қолжетімділігін қамтамасыз етіп, проактивті форматқа көшіруге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Өйткені, денсаулығына байланысты шын мәнінде мүгедек болып қалған азаматтар облыстық еңбек және әлеуметтік қорғау органдарына жүгінбестен, өмір бойы заңмен кепілдендірілген мемлекет көмекті ала алмай өтеді.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне диагностикалаушы медициналық мекемелерге медициналық-әлеуметтік сараптаманы жүзеге асыру және мүгедектікті белгілеу жөніндегі функцияларды беру, сондай-ақ мүгедектікті сырттай белгілеу үшін нозологиялар санын кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

1.4.4 Нормативтік актілерде бекітілуі қарама-қайшы сипатта болатын функциялар

Жұмыс берушінің қызметін декларациялауды немесе жұмыс берушінің еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес келетін қызметін тану тәртібін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 200-бабына сәйкес еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті атқарушы орган оның берген өтініші негізінде жұмыс берушілердің өңірлік бірлестіктерімен (қауымдастықтарымен, одақтарымен) және аумақтық кәсіподақ бірлестіктерімен бірлесіп жүзеге асырады.

Декларациялау жұмыс беруші өз қызметін еңбек заңнамасының талаптарына сәйкестігіне бағалауды дербес жүргізетін және оның қызметін профилактикалық бақылаудан уақытша босатуға жеңілдікті құқық беретін өлшемшарттарды (көрсеткіштерді) салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл процесті басқару ресурстарды көп қажет етеді және іс жүзінде сұраныс аз.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына декларацияны қабылдау сәтінде тексерусіз, бірақ камералдық бақылауды қамтамасыз ете отырып, адалдық презумпциясы қағидаты бойынша декларацияны ауыстыруды, сондай-ақ декларацияны жеке секторға ішінара беруді көздейтін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

1.4.5 Мемлекеттік басқару органдарының ережелерінде айқындалған, бірақ нормативтік актілерде көзделмеген функциялар

Жүргізілген талдау нәтижелері Министрліктің аумақтық бөлімшелеріне заң жобалау жұмыстарының тиісті жылдарға арналған жоспарларының уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуді көрсетеді, дегенмен Қазақстан

Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының қағидаларына» сәйкес бұл функциялар орталық атқарушы органдардың құзыретіне жатқызылған.

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық департаменттерінің ережелерін бекіту туралы бұйрыққа тиісті жылдарға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарларының уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі функцияны алып тастау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

1.4.6 Қайталанатын функциялар

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының (бұдан әрі - Басқарма) және аудандар мен қалалар әкімдіктерінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің (бұдан әрі - Бөлім) ережелерін салыстырмалы талдау арқылы облыстық деңгейдегі, сондай-ақ қалалық және аудандық деңгейдегі жергілікті атқарушы органға берілген бірдей функциялардың бар екендігін көз жеткізді.

Мысалы, орта мерзімді кезеңдерге еңбек нарығында мамандар мен жұмысшыларға қажеттілікті талдау мен болжауды жүзеге асыру жөніндегі функцияны Басқармамен қатар Бөлімдерде жүзеге асырады.

Сол секілді, Ұлы Отан соғысына қатысушыларды және оларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген адамдарды, соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа санаттарын санаториялық-курорттық емдеумен қамтамасыз ету функциясы Басқармаға және Бөлімге де жүктелген.

Әр түрлі деңгейдегі еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың келесі функцияларының қайталануын болдырмау жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады:

1) еңбек нарығында мамандар мен жұмысшыларға қажеттілікті талдау мен болжауды жүзеге асыру;

2) санаторлық-курорттық емдеумен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 182-бабы 2-тармағының 9-тармақшасына сәйкес жұмыс беруші тоқсанына бір рет еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға еңбек жағдайларының жай-күйін, қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды мониторингілеу үшін қажетті ақпаратты беруге міндетті. Бұл ретте мониторинг үшін қандай ақпараттың қажет екендігі заңнамамен реттелмеген.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына алып тастауға бағытталған келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады:

1) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға тоқсанына бір рет жұмыс берушінің еңбек жағдайларының жай-күйі, қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы ақпаратты бір мезгілде беру жөніндегі талаптар;

2) есептердің мазмұнын нақты ажырата отырып, «қажетті ақпарат» деген дискрециялық тұжырым.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2022 жылғы 27 маусымдағы № 220/НҚ бұйрығымен бекітілген есептіліктер тізіліміне сәйкес Министрлік және оның ведомстволары бір

аптадан бастап жыл сайынғы негізге дейін ұсынылатын есептердің 74 түрі бойынша түпкілікті пайдаланушы болып табылады.

Мұндай есептіліктердің негізгі ұсынушылары болып мемлекеттік корпорация (30), жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы (17), мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы (13), МӘСҚ (10), ЕРДО (2), жергілікті атқарушы органдар және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар (1) және толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыс істейтін кәсіпорындар (1) табылады.

Сонымен бірге, есеп берудің 13 түрі бойынша ұсыну регламенті, 9 есеп түрі бойынша ұсыну нысаны бекітілмегені, есеп берудің 52 түрі бойынша есепті қалыптастыратын ақпараттық жүйелер жоқ екені анықталды.

Есептіліктің бірыңғай тізбесін, оның ішінде толтыру және ұсыну жөніндегі нұсқаулықпен бірге бекіту жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

1.4.7 Бәсекелестік ортаға берілуі мүмкін функциялар

Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органдар өз қарамағындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін субъектілерді құрады және олардың қызметін қамтамасыз етеді. Бұл жергілікті атқарушы органдарға бағынатын және халықтың әртүрлі санаттары үшін арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін көптеген ұйымдардың құрылуына әкелді (605 ұйым, оның ішінде 125 стационарлық, 87 жартылай стационарлық, 343 үйде қызмет көрсететін, 26 уақытша келетін нысандар).

Әдетте бұл ұйымдар қызмет алушылардың құқықтарын қоса алғанда, көптеген бұзушылықтарға жол береді және бұл жағдай тұрақты түрде өзгеріссіз қалуда. Аталған жағдай негізінен балама қызмет көрсетушілердің және бәсекелестіктен жоқтығынан туындап отыр.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін жергілікті атқарушы органдардың ведомстволық бағынысты мекемелерінің функцияларын аутсорсинг шеңберінде бәсекелестік ортаға кезең-кезеңімен беру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - МАК ӨСК) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № 1377 Қаулысын орындау мақсатында жарғылық капиталға мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен құрылды. Құрылтайшысы болып Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті табылады.

Компанияның мақсаты елдің сақтандыру нарығында әртүрлі аннуитеттік өнімдердің пайда болуы, азаматтардың зейнетақы аннуитеті шарттары негізінде сақтандыру ұйымдарынан зейнетақы алуға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Заңын іске асыруға жәрдемдесу. Дегенмен бұл міндеттерді тиісті лицензиясы бар кез келген сақтандыру ұйымы орындай алады.

МАК ӨСК-нің бәсекелестік нарыққа міндетті қатысуы қолданыстағы заңнамамен белгіленбеген. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттің нарыққа қатысуы ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету немесе қоғамның мүдделерін қорғау және т.б. жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

«Мемлекеттік аннуитеттік компания «Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ға мемлекеттің қатысуын болдырмау жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

1.4.8 Тән емес функциялар

Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 7 ақпандағы № 47 бұйрықпен бекітілген) сәйкес кәсіпкерлік бастамаларды қолдау арқылы халықтың (жұмыссыздардың, жұмыспен қамтылғандардың жекелеген санаттарының) жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және табысын арттыру ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда (қалаларда) және моноқалаларда микрокредит беру есебінен жүзеге асырылады.

Бұл ретте оператор ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган болып табылады.

Сонымен бірге, көрсетілген Қағидалардың 16-тармағына сәйкес Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы берілген микрокредиттер нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша есеп үшін мәліметтер беруге міндетті (оның ішінде «өткен жылға қарай мал шаруашылығы бойынша өндіріс көлемінің ұлғаюы НКИ-нақты көлем индексі %» көрсеткіші бойынша). Дегенмен, мал шаруашылығы өнімінің көлемі бойынша мәліметтерді есепке алу және жинақтау аталған басқарманың құзыретіне кірмейді.

Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы бұйрыққа еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдар берген микрокредиттер бойынша мәліметтер беру жөніндегі талаптарды болдырмауды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

2. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласында қызметтер көрсету жөніндегі рәсімдерді бюрократиядан арылту

2.1 Алқалы түрде шешім қабылдау

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласында комиссиялық шешім қабылдау тәжірибесі кең таралған. Бірқатар комиссиялар бойынша олардың жұмыс істеуінің орындылығы мәселелері туындайды, олардың шешім қабылдау процесіне қатысуын қысқарту бюрократиялық рәсімдерді (күн тәртібіне шығару, кворумды айқындау, хабарлау, хаттама жасау және т.б.) оңтайландыруға мүмкіндік береді және оны жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына дербес бекіте отырып, шешім қабылдау кезінде жауапкершіліктің бүркемелеуін болдырмайды.

Келесілер бойынша шаралар қабылдау ұсынылады:

- азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындауға келісетіндер тізімінен арнайы комиссияны алып тастау;

- жергілікті атқарушы органдарда кандастар қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу жөніндегі комиссияны алып тастау;

- Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккендерге өтемақы тағайындау жөніндегі арнайы комиссияны алып тастау.

2.2 Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуге арналған төлемдер

Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуге төленетін төлемдер сомасы нысаналы топтың іс жүзінде бірдей қажеттіліктеріне қарамастан,

өңірге және бекітілген жергілікті бюджеттерге байланысты алты мыңнан бастап қырық мың теңге аралығында беріледі.

Себебі мұндай төлемдердің мөлшерін жергілікті мемлекеттік органдар дербес белгілейді. Мұндай формат жергілікті бюджет есебінен осы төлемдердің мөлшерін жыл сайын бекіту тәжірибесіне, нәтижесінде жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттардың) тиісті шешімдерді дайындау және шығару рәсімдеріне алып келеді.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті атқарушы органдардың тиісті құзыретін жойып, республика бойынша үйде оқытуға арналған шығындарды өтеу жөніндегі төлемдерді берудің бірыңғай өлшемшарттарын, сомалары мен тәртібін белгілеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

2.3 Психоневрологиялық аурулары бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекеменің қызметтері

Мүгедек баланы кәмелеттік жасқа толуына байланысты жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемеден психоневрологиялық аурулары бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемеге ауыстыру техникалық тұрғыдан мүмкін емес.

Мұндай медициналық-әлеуметтік мекемелерге орналастыру үшін аурудың көрсеткіштері өзгермеген жағдайда, кәмелетке толуына байланысты емделуші қайтадан өтініш беруге және кезекке тұруға мәжбүр болады, оның өзінде аталған мекемелерде бос орындар болған жағдайда ғана.

Әлеуметтік қызметтер порталында жалпы үлгідегі әлеуметтік мекемелерден психоневрологиялық үлгідегі мекемелерге автоматты түрде көшіру жүйесін енгізу жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

2.4 Мүгедектігі бар адамдарды арнайы құралдармен, тауарлармен немесе қызметтермен қамтамасыз ету

Мүгедектігі бар адамдарды арнайы құралдармен, санаторий-курорттық емдеумен немесе гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік қызметтер Мемлекеттік корпорация және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері арқылы жыл сайынғы негізде көрсетіледі.

Бұл ретте мүгедектік алты айдан бес жылға дейінгі мерзімге немесе қайта куәландыру мерзімінсіз белгіленеді.

Жеке оңалту жоспарында қажетті ісшаралар туралы ақпарат көрсетілуіне байланысты мүгедектерді жыл сайын арнайы көмекші құралдарды, тауарларды және қызметтерді алу үшін өтініш беруді алып тастау ұсынылады.

Талдау нәтижелері тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектерге гигиеналық құралдарды беру нормалары жеткіліксіз екенін көрсетеді, бұл оларды қайта жүгінуге мәжбүр етеді және бұдан кейін сөзсіз бас тарту алады. Сонымен қатар, кресло-арбаларын, кохлеарлық импланттарды пайдаланудың нақты мерзімі оларды уақытылы ауыстыру мүмкіндігі үшін нормативтен едәуір асып түседі.

Келесі шараларды қабылдау ұсынылады:

1) нақты қажеттілігі негізінде мүгедектерді гигиена құралдарымен, компенсаторлық және көмекші құралдармен қамтамасыз етудің тиістілік нормаларына талдау жүргізу және белгілеу;

2) егер мұндай заттар пайдалану үшін жарамсыз болған жағдайда, жоғарыда аталған тауарларды белгіленген нормативтерден тыс беру бойынша жергілікті атқарушы органдарға өкілеттік беру.

2.5. Кепілдендірілген әлеуметтік пакет

Кепілдендірілген әлеуметтік пакет ақшалай көмек алушылар қатарындағы аз қамтылған отбасыларға - азық-түлік, тауарлар, киім-кешек және мектеп керек-жарақтары жиынтығы түрінде мемлекет осы пакеттің құнын жеткізушіге өтей отырып, заттай нысанда беріледі.

Сатып алу және сатып алынға тауарлардың құнын өтеу процесі өте күрделі және көп сатылы, бұл тауар алушының да, жеткізушінің де көп уақытын алады.

Кепілдендірілген әлеуметтік пакет мемлекеттік сатып алудың күрделі және көп сатылы рәсімдерінен өткеннен кейін жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша әлеуметтік қызметтер порталы арқылы ұсынылады, осылайша бұл кепілдік берілген әлеуметтік пакетті алуды кешіктіреді. Сонымен қатар, жеткізушілерді порталда тіркеудің және қаражатты өтеудің күрделі процесі жеткізушілердің қызығушылығын, оларды таңдаудың шектеулілігін төмендетеді, сондай-ақ аз қамтылған отбасылар үшін қажетті тауарлардың болмауына әкелуі мүмкін.

Отбасыларға кепілдендірілген әлеуметтік пакетті заттай нысаннан берудің орнына арнайы банктік шоттар арқылы кепілдендірілген сомалар мөлшерінде қаражатты тікелей төлеуге ауыстыру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады. Дәл осылай мүгедектігі бар адамдар үшін техникалық оңалту құралдарын сатып алу кезінде аталған тәсілді қолдану ұсынылады.

2.6 Аз қамтылған адамдарға (отбасыларға) тұрғын үй көмегі

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен аз қамтылған адамдарға (отбасыларға) тұрғын үй көмегі көрсетіледі, оның мөлшері мен тәртібін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары айқындайды.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне республика бойынша тұрғын үй көмегін көрсетудің бірыңғай өлшемшарттарын, сомалары мен тәртібін белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

2.7 Алқалармен марапатталған көп балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақылар төлеу

Балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидаларына (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 319 бұйрығымен бекітілген) сәйкес «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау үшін азаматтар «электрондық үкімет» порталына жүгінуге құқылы.

Алайда, іс жүзінде бұл мемлекеттік қызмет порталда қолжетімді емес, порталмен өзара әрекеттесу және осы мемлекеттік қызметке өтініш беру үшін іс жүзінде интерактивті функциялар жоқ.

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп

балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау рәсімдерін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау, оның ішінде:

- 1) «электрондық үкімет» порталында өтініш беру мүмкіндігін қамтамасыз ету;*
- 2) қызмет көрсету мерзімін қысқарту ұсынылады.*

2.8 Еңбек көші-қоны

Ішкі қоныс аудару саласындағы саясат демографиялық теңсіздікті шешуге және жұмыс күші тапшы өңірлерге жұмыс күшін тартуға бағытталған.

«Электрондық үкімет» порталының және жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелерінің әлеуетін пайдалану арқылы еңбек көші-қонын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша келесі ұсыныстар әзірлеу және енгізу ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған шығу және қоныс аударушылардың жоспарланып отырған келуі өңірлерінің жергілікті атқарушы органдары арасында ақпарат алмасу;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдарына деректерді одан әрі бере отырып, «Құтты мекен» порталында нысанды толтыра отырып, қоныс аударушыларды өңірлік квотаға қосуға өтініш беру;

3) қабылдаушы өңірдің жергілікті атқарушы органдарын әлеуетті қоныс аударушымен көшу, жұмысқа орналастыру шарттарын және мемлекеттік қолдау шараларын талқылауға тарту, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қоныс аударудың қадамдық тетігін келісу;

4) портал арқылы қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы не бас тарту туралы ұсыным шығару үшін өңірлік комиссияда қарау;

5) портал арқылы өтініш берушіге қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісімі туралы немесе себептерін дәлелді негіздей отырып, бас тарту туралы растау.

2.9 Қандас мәртебесін беру, ұзарту

Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту жөніндегі рәсімі елдің шет елдердегі мекемелеріне, Мемлекеттік корпорацияға не «электрондық үкімет» порталына өтініш берген сәттен басталады. Бұдан кейінгі рәсімдер 6-дан 10-ға дейінгі қарау мен келісу кезеңдерін көздейді.

Олардың қатарында көші-қон жөніндегі уәкілетті органға, жергілікті атқарушы органдарға, аумақтық ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, прокуратура органдарына жолдау, сондай-ақ шақыру мен комиссиялық қарау және басқалары бар, бұл өз кезегінде айтарлықтай уақытты алады.

Келесілерді көздейтін ұсыныстарды пысықтау және енгізу ұсынылады:

1) «электрондық еңбек биржасы» базасында «бір терезе» қағидаты бойынша шетелдік мекемелер арқылы қандас мәртебесін беруге, ұзартуға өтініш беру, оларды әрі қарай бір мезгілде уәкілетті органға және жергілікті атқарушы органдарға жіберу;

2) қажет болған жағдайда виза берумен қатар қандас мәртебесін беру туралы шешім шығару.

2.10 Қарт азаматтарға стационарлық үлгідегі әлеуметтік мекемелердің қызметтері

Қарт азаматтарға қажетті құжаттардың толық пакеті болғанына қарамастан, әлеуметтік мекемелерде (қарттар үйлерінде) орналастырудан бас тартылады.

Мұндай бас тартудың себептері осы азаматтарда еңбекке қабілетті балалардың

болуы, оның ішінде олар нақты болмаған жағдайларда да. Мысалы, олардың іздеуде болуы немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылуы.

Нәтижесінде өз бетінше күтім жасау мүмкіндігі жоқ қарт адамдар стационарлық үлгідегі әлеуметтік мекемелерге жолдама алу мүмкіндігінен айырылады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларын бекіту туралы бұйрыққа келесілерге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады:

1) әлеуметтік мекемелерде (қарттар үйлерінде) мұқтаж азаматтарды (қарттарды) орналастыруда негізсіз шектеулерді алып тастау;

2) объективті себептерді кеңейту, оның ішінде еңбекке қабілетті балалардың іздеуде болуы немесе оларды хабар-ошарсыз кетті деп тану.

2.11 Еңбек өтілін, оның ішінде зейнетақы төлемдерін есептеу үшін анықтау

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек өтілі 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде ескеріледі, бұл ретте еңбек өтілі еңбек кітапшасымен расталады, ал ол болмаған кезде немесе ондағы тиісті жазбалар болмаған жағдайда - жұмыс туралы мәліметтерді растайтын құжаттар негізінде не сот шешімі негізінде белгіленеді.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, азаматтардың сот органдарына еңбек өтілін анықтау туралы өтініштерімен жүгінулерінің себептерінің бірі жұмыстан босату туралы жазбаларда мөрдің оқылмауы, жазбаларда түзетулердің болуы, мұрағат деректерінде еңбек өтілі және басқалар туралы мәліметтердің толық болмауы және т.б.

Осының барлығы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары жанынан еңбек өтілін анықтайтын комиссия құрудың объективті қажеттілігін тудырады. Тәжірибеде мұндай комиссия жұмысының аналогы бар – бұл тыл еңбеккерлеріне арнайы мемлекеттік көмек тағайындау үшін еңбек өтілін белгілейтін комиссия.

Еңбек өтілін белгілеу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтердің өлшем шарттары мен толық тізбесін бекіте отырып, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдарының жанынан еңбек өтілін айқындау жөніндегі комиссия құру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

2.12 Мемлекеттік қызметтерді ұсыну рәсімдерін композиттік форматқа ауыстыру

Талдау нәтижелері 27 мемлекеттік қызметті келесідей топтастырып (оның ішінде үшеуі жасырын қызмет деп танылған) ұсыну мүмкіндігін көрсетеді:

1) композиттік қызметтер тобы - бұл «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградтау (жасырын мемлекеттік қызмет) және мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

2) композиттік қызметтер тобы - бұл «Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу», «Жұмыссыздарды тіркеу», «Жұмыссыз ретінде тіркеу туралы анықтама беру», «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдама беру», «Жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем тағайындау»;

3) композиттік қызметтер тобы – «Ақталған адамға куәлік беру» және «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына ақшалай өтемақы төлеу» (жасырын мемлекеттік қызмет);

4) композиттік қызметтер тобы – бұл «Мүгедектікті, еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу, қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау», «Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау», «Мүмкіндіктері

шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету», «Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау», «Үйде оқыту бағдарламасын әзірлеу» (жасырын қызмет), «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу»;

5) композиттік қызметтер тобы - бұл «Қайтыс болуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу», «Асыраушысынан айрылу жағдайына мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау», «Асыраушысынан айрылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау», «Жерлеуге біржолғы төлем тағайындау»;

6) композиттік қызметтер тобы – бұл «Мүгедектікті, еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу, қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау», «Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау», «Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау», «Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау», «Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», «Мүгедектігі бар адамдарға техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің қызметтерімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», «Есту кемістігі бар мүгедектігі бар адамдарды ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз етуге мүгедектігі бар құжаттарды ресімдеу», «Мүгедектігі бар адамдарды жүріп-тұрудың арнайы құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», «Мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар -балаларды санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу»;

7) композиттік қызметтер тобы – «Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу» және «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру».

3. Құқықтық қайшылықтар, құқықтық реттеудің олқылықтары мен кемшіліктері

3.1 Құқықтық қайшылықтар

Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңымен «Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттары (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 27 маусымдағы № 559 бұйрықпен бекітілген) арасында келіп түскен құжаттарды қарау мерзімі бөлігіне қатысты құқықтық қайшылық анықталды.

Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңның 25-бабының 1-тармағына сәйкес рұқсат беру органы лицензиялау кезінде немесе рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру кезінде өтініш берушінің рұқсат және (немесе) оған қосымша беруге арналған құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті.

Сонымен бірге, жоғарыда көрсетілген Қағидалардың 7-тармағына сәйкес өтінішті қабылдаған жергілікті атқарушы органның қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыс берушіден қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығы мен дұрыстығын тексереді.

«Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

бұйрығындағы рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру кезінде құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын тексеру мерзімдерін рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

«Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарының (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 27 маусымдағы № 559 бұйрықпен бекітілген) 34-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы орган берген рұқсат басқа жұмыс берушілерге жолдауға жатпайды.

Сонымен қатар, Еңбек кодексінің 137-1 бабының 3-тармағына сәйкес жіберуші тараптың қызметкерлерін қабылдаушы тарапқа мынадай жағдайларда: жеке тұлғалардың үй шаруашылығындағы жұмысты орындау; белгілі бір жұмысты орындау уақытына; уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру уақытына; маусымдық жұмысты орындау уақытына жіберуге жол беріледі. Тиісінше, Еңбек кодексінің нормалары белгілі бір жағдайларда шетелдік қызметкерлерді үшінші тарапқа жіберуге тыйым салмайды.

Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыруға рұқсаттар беру және (немесе) ұзарту қағидаларының жергілікті атқарушы органдар берген рұқсаттарды басқа жұмыс берушілерге беру құқығына қатысты бөлігін еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Өтінімдерді қарау кезінде техникалық оңалту құралдарын жеткізушілерді тіркеу жөніндегі қолданыстағы комиссиялар «Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімнің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентінде көзделген балалар мен жасөспірімдерге арналған гигиеналық құралдардың жекелеген түрлерін сүйемелдеу туралы талаптарға мемлекеттік тіркеу туралы куәлікпен және сәйкестік туралы Декларациямен сәйкес келмеуіне сілтеме жасай отырып, бас тартады.

Сонымен қатар, «Тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді берушілерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталына жіберу, оларды әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеу немесе тіркеуден шығару қағидаларында» (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2022 жылғы 16 ақпандағы № 60 бұйрығымен бекітілген) аталған құжат көзделмеген, бұл ретте осы құжат болмаған кезде өтінімдерді мақұлдаудан бас тарту үшін негіздеме жоқ. Осылайша, құқықтық қақтығыс пайда болады.

Тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді берушілерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталына жіберу, оларды тіркеу немесе әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден шығару қағидаларын «Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімнің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентіне сәйкес балалар мен жасөспірімдерге арналған гигиеналық құралдардың жекелеген түрлерін сүйемелдеу туралы талаптарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікпен және сәйкестік туралы декларациямен толықтыру арқылы сәйкестендіру бағытында өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

3.2 Құқықтық олқылықтар

Қолданыстағы заңнамада бірнеше мемлекеттің аумағында бір мезгілде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындауға және төлеуге тыйым салынбайды.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне 1994 жылғы 8 қыркүйектегі «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары үшін жеңілдіктер мен кепілдіктерді өзара тану туралы» келісімге сәйкес басқа қатысушы мемлекеттерде осындай төлемдерді алатын адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар төлеуді жүзеге асыруға жол бермеуді, оның ішінде аталған жағдайларда төлемдерден бас тарту және тоқтата тұру үшін негіздер қатарына жатқыза отырып, өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Кәмелетке толған әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі адамдарға қатысты қорғаншылық пен қамқоршылық тағайындау үшін талап етілетін рәсімдер, мерзімдер, сондай-ақ құжаттар тізбесі заңмен регламенттелмеген.

Демек, бірыңғай тәсілдердің болмауына байланысты кәмелетке толғандарға қамқоршылық тағайындау тәжірибесі республиканың әр өңірінде әртүрлі, бұл бюрократия мен оның көріністеріне, оның ішінде қажетсіз құжаттарды сұратуға және шешім қабылдау мерзімін негізсіз ұзартуға жағдай туғызады.

Қазақстан Республикасының Неке-отбасы заңнамасына Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның кәмелетке толған әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі адамдарға қатысты қорғаншылық пен қамқоршылықты тағайындау тәртібін айқындау мәселелері, оның ішінде мерзімдерді, қажетті құжаттардың тізбесін, сондай-ақ қызметтің осы түрін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер санатына жатқызу мәселелері бойынша құзыретін кеңейту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Жұмыс берушінің қызметін декларациялау кезінде кәсіпорынның қолданыстағы еңбек заңнамасының нормаларына сәйкестігі бойынша шешім қабылдау тәсілі регламенттелмеген (дауыс беру арқылы немесе өзге тәсілмен), комиссия мүшесі мен бизнес субъектісі арасында мүдделер қақтығысының туындау мәселесі және мұндай жағдайда қалай әрекет ету қажеттігі, сондай-ақ комиссия құрамындағы мүшелер саны көрсетілмеген.

Жұмыс берушінің қызметін декларациялау қағидаларын бекіту туралы бұйрыққа келесәлерді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады:

1) кәсіпорынның қолданыстағы еңбек заңнамасының нормаларына сәйкестігі бойынша шешім қабылдау тәсілі (дауыс беру жолымен немесе өзге де тәсілмен);

2) комиссия мүшесі мен бизнес субъектісі арасындағы мүдделер қақтығысын шешу тетіктері, сондай-ақ комиссия құрамындағы мүшелер саны.

Министрліктің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің мәліметтері бойынша 2021 жылдың қорытындысына сәйкес өндірістегі жазатайым оқиғалардың салдарынан 1 465 қызметкер зардап шекті, олардың 200-і қайтыс болды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша өндірістік жарақаттану деңгейі 2020 жылмен салыстырғанда 2,5% - ға төмендеді.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда жазатайым оқиғаларды тергеу кезінде қызметкер мен жұмыс берушінің кінәсінің дәрежесін анықтау әдістемесі нормативті түрде реттелмеген.

Жазатайым оқиғаларды тергеу кезінде жұмыс беруші мен қызметкердің кінәсінің дәрежесін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

Қорытынды

Осылайша, мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту мәселелері бойынша мониторинг пен талдау, оның ішінде әкімшілік рәсімдерді зерделеу мынадай нәтижелерді көрсетті.

Біріншіден, мемлекеттік аппараттың қызметіне белгілі бір дәрежеде әсер ететін құндылықтар мен идеялар жүйесін зерттеу (мәдени аспект) қоғамда қалыптасқан мемлекеттік аппаратқа сенімсіздіктің алдын алу шараларын қолдану қажеттілігін, қоғам санасына және оның шешім қабылдауда жауапкершілікті өз мойнына алғысы келмеуі, сондай-ақ азаматтар мен бизнестің тұтастығына сенімнің жеткіліксіздігі, шетелдік басқару тәжірибесінен алынған тетіктерді абсолютизациялау және т.б. себептерді көрсетті. Ол үшін ұйымдастырушылық сипаттағы 4 шара, құқықтық сипаттағы 22 шара ұсынылды.

Екіншіден, мемлекеттік аппарат қызметін ұйымдастыруды талдау нәтижелері (ұйымдастырушылық аспект) кейбір жағдайларда ынтаның жарты өлшеммен шектелетінін, үйлестіру мен бірыңғай көзқарастардың жоқтығын, қабылданған шешімдердің сапасыздығын, көрнекілік пен ойдан шығарылған белсенділікті құру, сондай-ақ ведомстволық мүдделер мен қарсылықты басқару, сонымен қатар цифрлық саясат тудырған кедергілер - мұның бәрі бюрократия мен қағазбастылықтың шарты мен себебіне айналады. Қазіргі жағдай шамамен 6 ұйымдастырушылық, 4 құқықтық шара қабылдауды талап етеді.

Үшіншіден, мемлекеттік аппараттың басқару процестері мен азаматтармен және қоғаммен қарым-қатынастарын реттейтін құқықтық жүйеде (құқықтық аспект) бекітілген принциптер мен механизмдерді талдау және жалпылау белгілі бір дәрежеде олардың қайта құрылымдауға қабілетсіздігін көрсетеді. Бұл өз кезегінде құқықтық актілерде өткеннің командалық-әкімшілік, бюрократиялық тетіктерінің сақталуына себеп болады. Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманы, сондай-ақ Әкімшілік рәсімдік-процестік және бюджеттік заңнаманы жетілдіруге бағытталған 22-ге жуық ұсыныс ұсынылды.

Төртіншіден, білім беру саласындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін бюрократиядан арылту мәселелері бойынша талдау нәтижелері басқару жүйесіндегі өкілеттіктерді шоғырландыру, тән емес функцияларды болдырмау, сондай-ақ есептердің барлық түрлерінің толық тізбесін айқындау қажеттігін куәландырады.

Білім беру саласында қызмет көрсету бойынша рәсімдерді бюрократиядан арылту мақсатында бірқатар шаралар қабылдау қажет. Мысалы, өңірлерде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар желісін кеңейту, мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы білім беру ұйымдарына кез келген уақытта қабылдау мүмкіндігін беру, балаларды демалыстан тыс уақытта басқа мектептерге ауыстыруға шектеулерді алып тастау және басқалар.

Бесіншіден, жүргізілген жұмыстың нәтижелері көрсеткендей, денсаулық сақтау саласындағы органдардың қолданыстағы құрылымы жүктелген құзыреттерді, міндеттер мен функцияларды орындауға толық бағытталмаған. Кадрлардың тұрақтамауының жоғары деңгейі, кадрлық әлеуеттің біркелкі емес бөлінуімен тұрақты жүктеменің болуы және бос орындардың көп болуы басқару деңгейіндегі жеке қызметкерлердің шамадан тыс жүктемесін көрсетеді. Шұғыл шаралар қатарына МСАК деңгейінде мемлекеттік тапсырыс алуға үміткер медициналық ұйымдарға қойылатын талаптарды күшейту, медициналық қызметтер (медициналық көмек) көрсетуді күту мерзімдерін оңтайландыру, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен

қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, сондай-ақ тегін медициналық көмекке квота беру, бейінді мамандардан медициналық қызметтер алу кезінде артық буындарды алып тастау сияқты шаралар жатқызылуы тиіс.

Алтыншыдан, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласында 251 базалық функция бекітілген. Жүргізілген жұмыстың нәтижелері бірқатар шаралар қабылдау қажеттілігін көрсетеді. Атап айтқанда, Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына жекелеген төлемдер мен жәрдемақыларды тағайындау туралы шешім қабылдау жөніндегі функцияларды жүктеу, мүгедектікті белгілеу жөніндегі функцияларды диагностикалаушы медициналық мекемелерге беру, мүгедектігі бар адамдарды арнайы құралдармен, тауарлармен немесе қызметтермен қамтамасыз ету мерзімдерін мүгедектік мерзімдеріне теңестіру, кепілдік берілген сомалар мөлшерінде әлеуметтік пакет қаражатын тікелей төлеу мүмкіндігін қарастыру, мүгедектік жөніндегі комиссияны құру, Еңбек және әлеуметтік қорғау органдары жанындағы еңбек өтілін айқындау және басқа мәселелерді пысықтау қажет.

**Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі
ҰСЫНЫСТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

| № р/н | Ұсыныс | Аяқталу нысаны | Мүдделі мемлекеттік органдар |
|---|---|---|------------------------------|
| <i>I НЕГІЗГІ БӨЛІМ</i> <i>1. Қоғамда тиісті құндылықтар мен идеялар жүйесін сақтау және нығайту арқылы мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту (мәдени аспект)</i> | | | |
| <i>1.1 Мемлекеттік аппаратқа және оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық моделіне сенімсіздікпен байланысты бюрократизм көріністеріне жол бермеу</i> | | | |
| 1. | Апатты деп танылған мемлекеттік органдар мен мемлекеттік заңды тұлғалардың балансындағы құрылыстарды бұзу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі міндеттемені алып тастау. | «Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 202 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі бұйрығының жобасы | ИИДМ |
| 2. | Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде көзделген комиссиялар мен келісу рәсімдерінің санын қайта қарау және оңтайландыру бойынша ұсыныстарды пысықтау және енгізу. | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | ЦДИАӨМ, МҚІА |
| <i>1.2. Мемлекеттік аппараттың шешім қабылдау кезінде өзіне жауапкершілікті алғысы келмеуімен байланысты бюрократиялық көріністердің алдын алу</i> | | | |
| 3. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мыналарды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу: 1) лауазымды адамдардың аса қажеттілік жағдайында іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасағаны мен шешімдер қабылдағаны үшін оларды әкімшілік және қылмыстық жауаптылықтан босату; 2) Лауазымды тұлғаларға қатысты аса қажеттілік институтын қолдану мүмкіндігін тудыратын және оларға сәйкес ол қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық немесе тәртіптік құқық бұзушылық болып табылмайтын азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жоюға бағытталған лауазымды адамның шешімдерімен қабылданған іс-әрекеттер, егер бұл қауіпті басқа тәсілдермен жою мүмкін болмаса және жасалған іс-әрекеттер лауазымды тұлғаның шешімдері бойынша заңсыз пайдалар мен артықшылықтар алуға байланысты емес болып табылатын біршама механизмдерді. | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ӘДІЛЕТМИН, МҚІА, БП |

| | | | |
|---|---|--|--|
| 4. | Бақылау және уәкілетті органдардың келісімі бойынша айрықша шаралар қабылдау тетіктерін енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу. | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | Үкімет, МҚІА, БП |
| 5. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орталық мемлекеттік органдардың басшылары Жоғары аудиторлық палатаның келісімі арқылы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың басшылары тиісті тексеру комиссиясының келісімі арқылы мемлекеттік басқарудың тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған айрықша шаралар қабылдау тетігін қабылдау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу. | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | Үкімет, Жоғары аудиторлық палата |
| <i>1.3 Мемлекеттік қызмет туралы қысқа ойларға байланысты бюрократиялық көріністеріне жол бермеу</i> | | | |
| 6. | Азаматтық қызметшілерді және мемлекеттік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін өзге де қызметкерлерді қызметте болудың тиісті шектеулерін белгілей отырып, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген санатқа жатқызу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады. | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | МҚІА, СЖҚА, ЕХӘҚМ |
| <i>1.4 Лауазымдық мәртебеге сенімсіздікпен қарауға байланысты бюрократиялық көріністерге жол бермеу</i> | | | |
| 7. | Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары басшыларының қолы қойылған хат-хабарларды қабылдау және қабылдаудан бас тартуға жол бермеу, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдармен ұйымдастырушылық-техникалық және ағымдағы сипаттағы мәселелер бойынша кеңестерге қатысу және олардың өз ұстанымдарын білдіру мүмкіндіктері, мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың регламенттеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу. | Орталық мемлекеттік органдардың регламенттері | Үкімет, Мүдделі орталық мемлекеттік органдар |
| 8. | «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 229 Жарлығына орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органның бірінші басшысының келесідей тексерулер жүргізу бойынша шешім шығару мерзімдерін белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу: 1) халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, заңдылық пен қоғамдық тәртіпке ықтимал түрде жаппай қатер, конституциялық құрылысқа және ұлттық қауіпсіздікке тура немесе тікелей қатер төндіретін бұзушылықтарды болдырмауға немесе жоюға бағытталған, сондай-ақ "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша жүргізілетін тексерулерге; 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, белгіленген талаптарды бұзу фактілерінің туындау себептерін анықтау үшін, бақылау мен қадағалаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты нақты факті бойынша бір жоспардан тыс тексеру жеткіліксіз және осы нақты фактіге байланысты өзге де | «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 229 Жарлығына Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының жобасы | ҰЭМ, БП |

| | | | |
|---|---|---|-------------------|
| | субъектілерге қатысты бақылау мен қадағалау талап етілетін жағдайларда осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес тексерулерге. | | |
| <i>1.5 Цифрлық құжаттарға, сондай-ақ мөрі мен қолы жоқ құжаттарға сенімсіздікке байланысты бюрократия көріністеріне жол бермеу</i> | | | |
| 9. | Электрондық мұрағат арқылы, оның ішінде цифрлық құжаттар сервисі есебінен қайта тексеру шарттары жасалған жағдайларда ғана цифрлық құжаттардың қолданысқа енгізілетіні туралы талаптарды белгілеуді көздейтін Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу. | Цифрлық құжаттарды қолданысқа енгізу шарттары мәселелері бойынша «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ЦДИАӨМ |
| 10. | Азаматтар мен ұйымдардың «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінде қолжетімді ақпаратты сұратуға жол бермеу мәселелері бойынша Әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу. | «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ӘДІЛЕТМИН, ЦДИАӨМ |
| 11. | Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 640-бабының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді (Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасын бұзу) қарау құзыретін беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу. | «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ӘДІЛЕТМИН, МҚІА |
| <i>1.6 Азаматтар мен бизнестің адалдығына сенімнің жеткіліксіздігімен байланысты бюрократиялық көріністерге жол бермеу</i> | | | |
| 12. | Алдын ала тексеру рәсімдерін белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесінің қолданылу мерзімін шектеу шарттары бойынша ұсыныстарды пысықтау және енгізу. | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | ЦДИАӨМ, МҚІА |
| 70. | Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына мемлекеттік органдардан ақпарат алуға сұраныстарды қысқарту мақсатында бекітілген нысандарға сәйкес "Ұлттық білім беру дерек қоры" ақпараттық жүйесінде иесіздендірілген ақпаратты (дербес деректерсіз) алуға қолжетімділікті ашуды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы № 354 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығының жобасы | ОАМ |
| <i>1.6 Білім беру саласындағы басқару процестерін автоматтандыру</i> | | | |

| | | | |
|--|---|--|------------------|
| 71. | «Ұлттық білім беру деректер қорының» ақпараттық жүйесін білім беру саласындағы ақпаратты жинау, талдау, түсіру және сақтаудың бірыңғай ақпараттық ортасына айналдыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы № 354 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығының жобасы | ОАМ, ҒЖБМ |
| <i>2. Білім беру саласындағы қызметтерді көрсету рәсімдерін бюрократиядан арылту</i> | | | |
| <i>2.1 Мектепке дейінгі ұйымдарға жолдама беру тәртібі</i> | | | |
| 72. | Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді актімен мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау үшін кезекті қалыптастыру бойынша «электрондық үкімет» порталындағы функционалды сәйкестендіру жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ОАМ, ЖАО |
| 73. | Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына мыналарды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады: 1) мектепке дейінгі ұйымдарға кезектілікті қалыптастырудың бірыңғай ақпараттық жүйесін айқындау; 2) бұрынғы елді мекенде мемлекеттік мектепке дейінгі мекемеге барған балаға жолдама алуға басым құқық беру. | «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығының жобасы | ЦДИАӨМ, ОАМ, ЖАО |
| <i>2.2 Мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек</i> | | | |
| 74. | Халыққа көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында өңірлерде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар желісін кеңейту жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ЖАО |
| 75. | Мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету кезінде денсаулық сақтау органдарының ақпараттық базаларынан баланың денсаулық жағдайы туралы ақпарат алу мүмкіндігін қарау бойынша тиісті нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығының жобасы | ОАМ, ЖАО |

| <i>2.3 Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары</i> | | | |
|--|--|--|----------|
| 76. | Нормативтік құқықтық актілерге мерзім бойынша қолданыстағы шектеулерді алып тастау және мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы білім беру ұйымдарына кез келген уақытта қабылдау мүмкіндігін беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығының жобасы | ОАМ, ЖАО |
| <i>2.4 Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары</i> | | | |
| 77. | Құжаттарды қабылдау мерзімдерін біркелкі айқындау бөлігінде «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидалары мен Стандартының талаптарын сәйкестендіру | «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығының жобасы | ОАМ |
| 78. | Құжаттарды қабылдау мерзімдерін біркелкі айқындау бөлігінде «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары мен стандартының талаптарын сәйкестендіру бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығының жобасы | ОАМ |
| <i>2.5 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім</i> | | | |
| 79. | Коммерциялық емес акционерлік қоғамның ұйымдық құқықтық нысанында құрылған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы Директорлар кеңесінің қарамағынан жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі функцияны алып тастау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ҒЖБМ |
| 80. | Жатақханалардағы орындарды, бірінші кезектегі қоныстану құқығын | «Білім беру ұйымдарының | ҒЖБМ |

| | | | |
|--|--|--|------------------------|
| | сақтай отырып, конкурстық бөлу рәсімін болдырмауға бағытталған нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады. | жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 6 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығының жобасы | |
| <i>2.6 Шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқыту</i> | | | |
| 81. | Шетелде оқу үшін жіберу процесін, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде неғұрлым толық құқықтық реттеу мақсатында конкурстық рәсімдердің барлық кезеңдерін стандарттау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «шетелде оқуға жіберу процесінің конкурстық рәсімдерін стандарттау туралы» бұйрығының жобасы | ҒЖБМ |
| 82. | «Болашақ» стипендиаттарына шығындарды өтеу» мемлекеттік қызметін автоматтандыру және оны электрондық үкімет порталы арқылы аумақтан тыс көрсету бойынша мемлекеттік қызметті автоматтандыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Шетелге, оның ішінде "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде оқуға жіберу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 222 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығының жобасы | ҒЖБМ |
| <i>2.7 Білім беру саласында қызмет көрсетудің проактивті форматына көшіру</i> | | | |
| 83. | Мемлекеттік қызмет көрсетудің проактивті форматына көшіру бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады: 1) "Болашақ" халықаралық стипендиясы стипендиатының міндеттемелерін орындау кезінде жылжымайтын мүлік кепілін тоқтату туралы хабарлама беру; 2) Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау. | Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер | ҒЖБМ ОАМ, ЖАО |
| <i>2.8 Білім беру саласында қызмет көрсетудің композиттік форматына көшіру</i> | | | |
| 84. | Мемлекеттік қызмет көрсетудің композиттік форматына көшіру бойынша тиісті нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу: Бірінші топ – «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау», «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру»; | Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер | ОАМ, ҒЖБМ, ЦДИАӨМ, ЖАО |

| | | | |
|--|---|---|--------------|
| | <p>Екінші топ – «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау», «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау».</p> <p>Үшінші топ – «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау», «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну», «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау», «Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну», «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру».</p> <p>Төртінші топ – «Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу»; «Он жасқа толған баланың пікірін есепке алу туралы қорғаншылар мен қамқоршылар органдарының шешімін беру».</p> <p>Бесінші топ – «Кәмелетке толмағандардың мүлкіне иелік ету үшін анықтамалар беру», «Он жасқа толған баланың пікірін есепке алу туралы қорғаншылар мен қамқоршылар органдарының шешімін беру».</p> | | |
| <i>2.9 Білім беру саласында көрсетілетін қызметтер тізбесінен алып тастау және оны толықтыру</i> | | | |
| 85. | <p>Қағидалардың (2017 жылғы 2 мамырдағы № 204) және көрсетілген сертификатты беру жөніндегі тиісті талаптардың күші жойыла отырып, «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» жөніндегі мемлекеттік қызметті қолданыстағы тізілімнен мемлекеттік қызметті алып тастау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу</p> | <p>1) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м. а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығының жобасы;</p> <p>2. «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы» "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығының күші жойылуы туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің</p> | ЦДИАӨМ, ҒЖБМ |

| | | бұйрығының жобасы | |
|--|--|---|----------------|
| 86. | Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылық және материалдық көмек көрсету жөніндегі рәсімдерді проактивті форматқа ауыстыра отырып, мемлекеттік қызметтер разрядына ауыстыру бойынша шараларды қолға алу | Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер | ОАМ |
| 2.10 Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру | | | |
| 87 | «Электрондық үкімет» порталы арқылы алудың баламалы мүмкіндігін белгілей отырып, тек қағаз түрінде көрсетілетін 10 мемлекеттік қызметті автоматтандыру бойынша шаралар қабылдау ұсынылады. | Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер | ОАМ, ҒЖБМ |
| 3. Құқықтық қарама-қайшылықтар, құқықтық реттеудің олқылықтары мен кемшіліктері | | | |
| 3.1 Жоғары құқықтық талаптар | | | |
| 88. | Білім беру жүйесін тексеру бойынша белгіленген жоғары құқықтық талаптарды жою жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 843 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бірлескен бұйрығының жобасы | ҰЭМ, ОАМ, ҒЖБМ |
| 3.2 Құқықтық олқылықтар | | | |
| 89. | Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, конкурстық іріктеуге жіберуден бас тарту үшін негізді айқындау бойынша және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған конкурстың қорытындылары бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № | ҒЖБМ, ЖАО |

| | | | |
|---|---|--|-----|
| | | 39 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығының жобасы | |
| <i>3.3 Құқық нормаларының қарама-қайшылықтары</i> | | | |
| 90. | Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру жөніндегі және оларды көрсету мерзімдеріне қатысты ТжҚБ туралы құжаттардың телнұсқаларын беру жөніндегі мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары мен стандарттары арасындағы қайшылықты болдырмау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығының жобасы | ОАМ |
| <i>5. Денсаулық сақтау: құрылымы, қызметі, рәсімдері, құқықтық реттеу</i> | | | |
| <i>1. Ұйымдастырушылық құрылым мен басқарушылық қызметті бюрократиядан арылту</i> | | | |
| <i>1.1 Ұйымдастырушылық құрылым және функционалды бекіту</i> | | | |
| 91. | Министрлік құрылымын оңтайландыру үшін көмекші бейінді емес департаменттерді басқарма санатына ауыстыруға қатысты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің құрылымын бекіту туралы бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің құрылымын бекіту туралы» 2021 жылғы 20 қаңтардағы № 28 бұйрығына «Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығының жобасы. | ДСМ |
| <i>1.2 Кадрлық әлеуетті пайдалану.</i> | | | |
| 92. | Атқарушы буын пайдасына лауазымдар арақатынасының өзгеруін, сондай-ақ бейіндік қызметке қайта бағдарлануды ескере отырып, министрлікте, ведомстволарда және аумақтық департаменттерде кадрлық әлеуетті қайта бөлуді жүргізуге қатысты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің құрылымын бекіту туралы бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің құрылымын бекіту туралы» 2021 жылғы 20 қаңтардағы № 28 бұйрығына «Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы | ДСМ |

| | | | |
|--|--|---|-------------|
| | | Денсаулық сақтау министрінің бұйрығының жобасы. | |
| <i>1.3 Басқару процестерін автоматтандыру</i> | | | |
| 93. | ЕHealth электрондық денсаулық сақтаудың жаңа цифрлық архитектурасын қалыптастыру шеңберінде Ақпараттық жүйелерді интеграциялауды, жетілдіруді және модификациялауды жүргізу жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ДСМ, ЦДИАӨМ |
| 94. | Құжат айналымының электрондық форматына көшу, оның ішінде СЭБК аумақтық департаменттерінде, Денсаулық сақтау басқармаларының ведомстволық бағынысты ұйымдарында тиісті ақпараттық жүйелерді белгілеу жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ДСМ, ЖАО |
| 95. | Есептен шығаруға жататын компьютерлік паркті жаңарту, есептердің 54 түрін қалыптастыру процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ету, есептерді ұсынатын тұлғалар тобын қысқарту, жауапты қызметкерлердің есептік немесе есептік деректер бойынша Медициналық ақпараттық жүйелерге қолжетімділігін қамтамасыз ету және есептердің 27 түрі бойынша түсірілімдер жөнінде шаралар қабылдансын | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ДСМ, ЦДИАӨМ |
| 96. | Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері қызметкерлерінің зерттеулердің тиісті нәтижелерін қарау мүмкіндігімен «Зертханалық ақпараттық жүйе» бағдарламалық қамтамасыз етудің бірыңғай кешеніне қол жеткізуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ДСМ |
| <i>1.4 Функционалдық талдау</i> | | | |
| <i>1.4.1 Мүдделер қақтығысымен байланысты функцияларды беру қажеттілігі.</i> | | | |
| 97. | Талдау нәтижелері Денсаулық сақтау министрлігіне бекітілген функцияларды жергілікті атқарушы органдарға толық немесе ішінара беру | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы | ДСМ |
| 98. | Медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу жөніндегі функцияны Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне беру бөлігінде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің | ДСМ |

| | | | |
|---|--|--|-----|
| | | ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 645 бұйрығына толықтыру енгізу туралы | |
| 99. | Монополияға қарсы органға бөлшек және көтерме саудада өткізу үшін дәрілік заттың сауда атауына шекті бағаларды бекіту жөніндегі функцияны беруді көздейтін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы | ДСМ |
| <i>1.4.2 Нормативті түрде бекітілген, бірақ іс жүзінде орындалмайтын функциялар</i> | | | |
| 100. | Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына қылмыстық қудалау органына және сотқа кәмелетке толмағанды жүргізілген әлеуметтік-психологиялық тексеру туралы есепті (баяндаманы) ұсынуды ұйымдастыру жөніндегі функцияны беруге және білім беру органдарына ведомстволық бағыныстылығы бойынша кәмелетке толмағанды әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу картасын жасауға қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ДСМ |
| 101. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дезинсекция және дератизация жөніндегі функцияны жергілікті атқарушы органдардан санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарына беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы | ДСМ |
| <i>1.4.3 Өкілеттіктерді табыстау тәртібімен берілетін функциялар</i> | | | |
| 102. | Денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы органмен, медициналық ұйымдар және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының орталық аппаратының келісімінсіз әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалдарына қаржы қаражатын бір айдан екінші айға аударуды және денсаулық сақтау ұйымдары арасында қайта бөлу жөніндегі өкілеттіктерді беру мақсатында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығы | ДСМ |
| 103. | Медициналық қызметтер (көмек) көрсететін дәрігерлерге еңбекке уақытша жарамсыздық туралы параққа немесе анықтамаға қол қою құқығын беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық | ДСМ |

| | | | |
|--|--|---|-----|
| | | сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығының жобасы | |
| 104. | «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК филиалдарына мәліметтерге түзетулер енгізу, сондай-ақ «зертханалық ақпараттық жүйе» бағдарламасына қол жеткізу құқығын беру жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ҰСО |
| <i>1.4.4 Нормативтік актілерде бекітілуі қарама-қайшы сипатта болатын функциялар</i> | | | |
| 105. | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары үшін клиникалық базалар беру жөніндегі функцияны медициналық ұйымдарға беру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы | ДСМ |
| <i>1.4.5 Нормативтік актілерде айқындалған, бірақ мемлекеттік басқару органдарының ережелерінде жоқ функциялар</i> | | | |
| 106. | Биологиялық қатерлердің алдын алуға және олардың зардаптарын жоюға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі функцияны қосуды көздейтін Денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ЖАО |
| <i>1.4.6 Жоғары тұрған органдармен келісім бойынша негізсіз функциялар</i> | | | |
| 107. | Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларын және атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшыларды немесе кәсіпорынның алқалы атқарушы органының басшысын Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен тағайындау кезінде келісу рәсімін болдырмауды көздейтін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін | "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы | ДСМ |
| 108. | Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу туралы шешімдерін Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен келісу практикасын болдырмау жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ДСМ |
| <i>1.4.7 Қайталанатын функциялар</i> | | | |
| 109. | Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры мен оның филиалдарының Медициналық және фармацевтикалық бақылау органдарының қызметін, сондай-ақ денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмектің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелерді орындауын мониторингтеу сылтауымен медициналық ұйымдардың бақылау сипатындағы іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі практиканы қайталауын болдырмау жөнінде шаралар қабылдансын | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ДСМ |
| <i>2. Денсаулық сақтау саласында қызмет көрсету жөніндегі рәсімдерді бюрократиядан арылту</i> | | | |
| <i>2.1 Медициналық қызметтер (медициналық көмек)көрсету сапасын бағалау жүйесін енгізу</i> | | | |

| | | | |
|--|---|--|-------------|
| 110. | Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында медициналық қызметтердің (медициналық көмектің) сапасы мен қолжетімділігін бағалаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | ДСМ, ЦДИАӨМ |
| <i>2.2 Отбасылық үлгідегі медициналық қызмет (медициналық көмек) көрсету жүйесіне көшу</i> | | | |
| 111. | Отбасылық дәрігерлердің медициналық қызмет көрсету тәжірибесін енгізу бойынша ұсыныстар енгізу және пысықтау | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | ДСМ |
| <i>2.3 Медициналық қызметтердің (медициналық көмектің) клиентке бағдарланған моделіне көшу</i> | | | |
| 112. | Қызмет көрсетудегі клиентке бағдарланған моделіне көшуді қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | ДСМ |
| <i>2.4 Медициналық қызмет көрсету фактісі бойынша төлем жүйесін енгізу</i> | | | |
| 113. | Медициналық қызмет көрсету фактісі бойынша төлем жүйесін енгізу бойынша «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығы | ДСМ |
| <i>2.5 Тіркелген халықтың қаралу мерзімі институтын енгізу</i> | | | |
| 114. | Бекітілген халықтың ескіру институтын енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу: 1) тіркелген контингент құқығын сақтай отырып, соңғы үш жыл ішінде алғашқы медициналық-санитариялық көмекке жүгінбеген пациенттерді резервке ауыстыру; 2) резервтегі пациенттер бойынша медициналық ұйымдарға жүктемелер мен төлемдер бойынша нормативтерді қолдануға жол бермеу | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ДСМ |
| <i>2.6 МСАК деңгейінде мемлекеттік тапсырыс алуға үміткер медициналық ұйымдарға қойылатын талаптарды күшейту</i> | | | |
| 115. | Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету бойынша қызметтерді орналастыруға мемлекеттік тапсырысты ұйымдастыру кезінде шаралар қабылдау және сапалы қызмет көрсетумен қамтамасыз ету мүмкіндігі жоқ медициналық ұйымдардың қатысуына кедергі келтіретін қосымша техникалық талаптарды пайдалану практикасын енгізу. | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | ЖАО |
| <i>2.7 Медициналық қызметтер (медициналық көмек) көрсетуді күту мерзімдері.</i> | | | |
| 116. | «EHealth» электрондық денсаулық сақтаудың жаңа цифрлық архитектурасы шеңберінде әзірлеу және пайдалануға беру жөнінде пысықтау және шаралар қабылдау: 1) пациентпен кері байланысты қамтамасыз ете отырып, кезектілік жай- | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ДСМ |

| | | | |
|---|--|---|-----|
| | күйін және медициналық қызметтер (медициналық көмек) көрсетудің болжамды күнін хабарлау функциясының болуымен электрондық күту парағының жүйесі; 2) медициналық қызметтер (медициналық көмек) көрсетуді және емдеуге жатқызуды күту мерзімдерін электрондық мониторингтеу жүйесі; 3) ТМҚКК шеңберінде медициналық қызметтер көрсету мониторингінің электрондық жүйесі, ММС жүйесі және пациенттер бөлінісінде ақылы қызметтер | | |
| <i>2.7.1 Тегін медициналық көмекті квоталау жүйесі.</i> | | | |
| 117. | Пысықтау және шаралар қабылдау: 1) квота бойынша стационарға жатқызу күнін автоматты түрде тағайындау бойынша «емдеуге жатқызу бюросы» порталында функционалды әзірлеу және пайдалануға беру; 2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау ұйымының өкілеттіктерін жою, пациентті квота бойынша стационарға жатқызу күнін айқындау, сондай-ақ пациентті «емдеуге жатқызу бюросы» порталында емдеуге жатқызуға жіберген сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде пациентті емдеуге жатқызудың ең жоғары мерзімін белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу. | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ДСМ |
| <i>2.7.2 Бейінді мамандардан медициналық қызметтерді алу кезінде қосымша буындардың болуы</i> | | | |
| 118. | Алғашқы медициналық-санитариялық көмек дәрігерінің жолдамасынсыз консультациялық-диагностикалық көмек көрсету негіздерінің тізбесін айқындау бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің медициналық қызметтер (медициналық көмек) көрсету мәселелері жөніндегі бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрықтың жобасы | ДСМ |
| <i>2.7.3 Зертханалық зерттеулердің нәтижелерін электрондық нысанда беру</i> | | | |
| 119. | Зертханалық зерттеулердің нәтижелерін санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК филиалдарының электрондық нысанда беру рәсімдерін автоматтандыру мәселелері бойынша шаралар қабылдасын. | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ДСМ |
| <i>2.8 Медициналық қызметтердің (медициналық көмектің) сапасын дамыту</i> | | | |
| <i>2.8.1 Денсаулық сақтау жүйесінде технологиялар трансфертін бәсеңдететін жағдайлардың болуы</i> | | | |
| 120. | Нәтижелері ел аумағында медициналық техниканы, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен олардың жинақтауыштарын тіркеу бөлігінде танылатын шетелдік ұйымдардың тізбесін, сондай-ақ медициналық техниканы, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен олардың жинақтауыштарын тіркеу жүзеге асырылмайтын негіздердің тізбесін бекіту бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Тізбені бекіту жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы | ДСМ |

| <i>2.8.2 Денсаулық сақтау технологияларын бағалау</i> | | | |
|--|---|--|-----|
| 121. | <p>Бойынша шаралар қабылдау:</p> <p>1) жаңа әдістерді енгізуге рұқсат алу рәсімін оңайлатуға, сондай-ақ өтінімнің барлық кезеңдерде өту мерзімдерін нақты регламенттеуге негізделген денсаулық сақтау саласындағы инновациялық қызметті дамытудың жаңа тәсілдерін көздей отырып, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін қолдану қағидаларын жаңа редакцияда қабылдасын;</p> <p>2) денсаулық сақтау технологияларын бағалауды жүргізу қағидаларында көзделген Денсаулық сақтау технологияларын бағалауды жүргізу мерзімдерін оңтайландыру;</p> <p>3) «С.Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамытудың Ұлттық ғылыми орталығы» РМК-ның Денсаулық сақтау технологияларын «бағалауды жүргізуге монополиясы алынып тасталса.</p> <p>4) денсаулық сақтау технологияларын бағалауды жүргізу кезінде келісуді қамтамасыз ететін денсаулық сақтау министрлігінің консультативтік-кеңесші органдарының санын оңтайландыруға міндетті.</p> | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ДСМ |
| <i>2.9 Дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету.</i> | | | |
| <i>2.9.1 Рецепттердің электрондық түрін енгізу</i> | | | |
| 122. | «Ehealth» электрондық денсаулық сақтаудың жаңа цифрлық архитектурасы шеңберінде қымбат тұратын препараттар алатын созылмалы және ауыр аурулары бар диспансерлік науқастар үшін жеңілдікті дәрі-дәрмектерге электрондық рецептті автоматты түрде шығару бойынша Медициналық ақпараттық жүйелерде функционалды әзірлеу және пайдалануға беру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ДСМ |
| <i>2.9.2 Амбулаториялық және стационарлық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде дәрілік заттармен тиісінше қамтамасыз етілмеуі</i> | | | |
| 123. | <p>Келесіні әзірлеу және енгізу ұсынылады:</p> <p>1) цифрлық шешімдерді енгізе отырып және ақпараттық жүйелерді интеграциялай отырып, пациенттердің амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен қамтамасыз етілуін талдаудың жаңа әдістемесін;</p> <p>2) медициналық ұйымдардың қоймасында (дәріханасында) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қалған көлемі бойынша өнім беруші тарапынан электрондық мониторинг жүйесі және бір айлық қордан аз қалғанда қажетті көлемдерді жеткізу.</p> | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ақпарат | ДСМ |
| 124. | <p>Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына келесі мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады:</p> <p>1) егер аталған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды «СК-Фармация» ЖШС тиісті жылдың 15 қарашасына дейін жүзеге асырған және тиісінше, соңғысының көрсетілген мерзімге дейін медициналық ұйымдармен қол қою жөніндегі міндеттемелерін белгілеген жағдайларда, ТМҚКК және МӘМС қаражаты есебінен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу</p> | Тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен мамандандырылған емдік | ДСМ |

| | | | |
|---|--|--|---------|
| | <p>бойынша жергілікті атқарушы органдарға құзырет беру;</p> <p>2) «СК-Фармация» ЖШС сатып алу үшін алдын ала өтінімде белгіленген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін мерзімді нақтылауды көздейтін тетікті енгізу;</p> <p>3) медициналық ұйымдарға «СК-Фармация» ЖШС талап етілмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды толық қайтару құқығын беру және тиісінше оларды қайтару мүмкіндігі шартымен жеткізушілермен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу шарттарын жасасу жөніндегі соңғысының міндеттемелерін белгілеу;</p> <p>4) стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымның препаратты пациентке жібергеннен кейін «СК-Фармация» ЖШС дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға ақы төлеу құқығын айқындау.</p> | <p>өнімдерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі жүйелер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы»</p> | |
| <i>2.9.3 Жергілікті бюджеттен қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету</i> | | | |
| 125. | <p>Амбулаториялық емдеу кезінде тегін және (немесе) жеңілдікті жағдайларда Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін медициналық көмектің, оның ішінде дәрілік заттардың, мамандандырылған емдеу өнімдерінің, медициналық бұйымдардың кепілдік берілген көлемін қосымша беру туралы мәслихаттардың шешімдерін мемлекеттік тіркеу жөніндегі талаптарды жою мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының құқықтық актілер туралы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.</p> | <p>"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне норма шығаруды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңының жобасы</p> | ЮМ, ДСМ |
| <i>2.9.4 Сатып алынатын дәрілік заттар сапасының басымдығы</i> | | | |
| 126. | <p>Еуразиялық экономикалық Одаққа мүше-мемлекеттердің отандық тауар өндірушілері мен өндірушілерінің басым құқығын жою және барлық әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру арқылы дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу кезіндегі тәсілдерді қайта бағдарлау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.</p> | <p>"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңының жобасы</p> | |
| <i>2.9.5 Дәрілік заттарға шекті бағаларды қалыптастыру</i> | | | |
| 127. | <p>Дәрілік заттарға шекті бағаларды қалыптастыру процесін автоматтандыруға бағытталған, мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесін және «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптаудың ұлттық орталығын» интеграциялау жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.</p> | <p>Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат</p> | ДСМ |
| <i>2.10 Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін жетілдіру</i> | | | |
| <i>2.10.1 Мемлекеттік қызметтерді ұсынудың проактивті нысанына ауыстыру</i> | | | |
| 128. | <p>Мынадай мемлекеттік қызметтерді проактивті форматқа көшіру жөнінде шаралар қабылдау:</p> <p>1) алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу;</p> <p>2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру</p> | <p>ЦДИАӨМ-ге ұсыныстар</p> | ДСМ |

| | | | |
|--|--|---------------------|-----|
| | <p>объектісіне есепке алу нөмірін беру;</p> <p>3) санаторий-курорттық емделуге мұқтаждығы туралы қорытынды беру;</p> <p>4) стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру;</p> <p>5) денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру;</p> <p>6) денсаулық сақтау саласындағы шетелдік маман сертификатын беру;</p> <p>7) денсаулық сақтау менеджерінің сертификатын беру;</p> <p>8) денсаулық сақтау саласындағы білім алушылардың, кәсіптік даярлық түлектерінің және мамандардың білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу;</p> <p>9) денсаулық сақтау саласындағы тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеу;</p> <p>10) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу;</p> <p>11) санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеу;</p> <p>12) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну;</p> <p>13) денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру;</p> <p>14) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберудің орындылығы және (немесе) емдеуді отандық медициналық ұйымдарда жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту мүмкіндігіне құжаттарды қабылдау және қарау.</p> | | |
| <i>2.10.2 Мемлекеттік қызметтерді ұсынудың композиттік нысанына ауыстыру</i> | | | |
| 129. | <p>Мынадай мемлекеттік қызметтерді композиттік форматқа көшіру жөнінде шаралар қабылдау:</p> <p>1) композиттік қызметтер тобы- дәрігерді үйге шақыру, жедел медициналық көмек шақырту, дәрігердің қабылдауына жазылу, пациенттерге стационарға емдеуге жатқызуға жолдама беру, заматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру, уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтама беру, медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру;</p> <p>2) композиттік қызметтер тобы- медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту және алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу;</p> <p>3) композиттік қызметтер тобы – «Психиатрия» және «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер бере отырып, алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту;</p> | ЦДИАӨМ-ге ұсыныстар | ДСМ |

| | | | |
|--|--|--|-----|
| | 4) композиттік қызметтер тобы - дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу, сондай-ақ дәрілік заттарды Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярға, Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тізбесіне, амбулаториялық қамтамасыз ету шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тізбесіне (АЛО) енгізу жөніндегі функциялар)», сондай-ақ бағалық реттеуге жататын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тізбесіне | | |
| <i>3. Құқықтық коллизиялар, құқықтық реттеудің олқылықтары мен кемшіліктері</i> | | | |
| <i>3.1 Өте жоғары құқықтық талаптар</i> | | | |
| 130. | <p>Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне:</p> <p>1) қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі қызметті қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясы бар ұйымдарға жүктей отырып, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 250-бабының 4-тармағын «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкестендіру;</p> <p>2) жұмысқа орналасу және оқу орындарына түсу кезінде медициналық қорытынды (нысан 075/е) беру жөніндегі талаптарды алып тастау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу</p> | <p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жобасы</p> <p>«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің өз иелігіндегі жарамсыз болып қалған, жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, жалған және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа да дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жою қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі бұйрығының жобасы</p> <p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрық жобасы</p> <p>«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрық жобасы</p> | ДСМ |
| <i>3.2 Ақылы мемлекеттік қызметтердің құны бойынша нақты талаптардың болмауы</i> | | | |
| 131. | «Медициналық ұйымдар қызметінің аккредиттеу стандарттарына | «Кейбір мемлекеттік қызметтер көрсету | ДСМ |

| | | | |
|--|---|---|---------|
| | сәйкестігін тану мақсатында оларды аккредиттеу», «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу», «Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтері үшін қызмет алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін белгілеуге бағытталған Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрі бұйрығының жобасы | |
| <i>3.3 МӘМС жүйесінде тәулік бойы травматологиялық пункттер көрсететін қызметтердің тізбесін белгілейтін НҚА-нің болмауы</i> | | | |
| 132. | Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде тәулік бойы травматологиялық пункттер көрсететін қызметтер тізбесін белгілеуге бағытталған нормативтік құқықтық актіні әзірлеу және бекіту | Денсаулық сақтау министрі бұйрығының жобасы | ДСМ |
| 133. | Сауда атаулары бойынша дәрілік заттарға шекті бағалардың сақталуына мониторинг және бақылау жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту жөнінде шаралар қабылдау | | ДСМ |
| <i>3.4 Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының болмауы</i> | | | |
| 134. | 1) «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы маман сертификатын беру», «халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу», «халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандарды кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттау», «санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеу» мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту; 2) «Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру» мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актінің қызмет көрсету мерзімдерін нақтылау бөлігінде мынадай: «құжаттарды тапсыру үшін күту уақыты – 30 минут; қызмет көрсету уақыты – үзінді көшірме жасалған сәттен бастап 60 минут» өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша шаралар қабылдау | Денсаулық сақтау министрі бұйрығының жобасы | ДСМ |
| <i>3.5 Ақылы мемлекеттік қызметтердің құны бойынша нақты талаптардың және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіру, дайындау, сақтау және өткізу үшін қажетті жабдықтар мен жарақтардың тізбесінің болмауы</i> | | | |
| 135. | Рұқсаттың қолданылу мерзімін бекіте отырып, «Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуге келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру» мемлекеттік қызметі бойынша «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының екінші санаттағы рұқсаттар тізбесі бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу | «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жобасы | ДСМ, ӘМ |
| 136. | Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіру, дайындау, сақтау және өткізу үшін қажетті жабдықтар мен жарақтардың тізбесін көздейтін «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларын | «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Денсаулық | |

| | | | |
|--|--|--|-----|
| | бекіту туралы» Денсаулық сақтау министрінің бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | сақтау министрінің бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Денсаулық сақтау министрінің бұйрығының жобасы | |
| <i>3.6 Бюрократия мен әуре-сарсаңға жағдай туғызатын құқық нормаларының коллизиясы</i> | | | |
| 24 | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары |
| 25 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары |
| 26 | Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары |
| 27 | Техникалық-кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімін аяқтамаған адамдарға анықтама беру | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары |
| 28 | Дене шынықтыру және спорт саласындағы кадрларды даярлауға, қайта даярлауға, олардың біліктілігін арттыруға құжаттарды қабылдау | Кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар |

Хабарламалар тізімі

| № | Хабарламалар атауы |
|----|---|
| 1 | Теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 2 | Мұнай өнімдерін көтерме жеткізумен байланысты қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама |
| 3 | Құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарлама |
| 4 | Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 5 | Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 6 | Тұқымның сорттық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 7 | Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптық егістерін сынақтан өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 8 | Электр энергетикасы объектілерін және (немесе) олардың жекелеген бөліктерін сатып алу-сату, жалға беру немесе сенімгерлік басқару жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 9 | Зоологиялық коллекцияны құру туралы хабарлама |
| 10 | Геодезиялық жұмыстарды жүргізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 11 | Картографиялық жұмыстарды жүргізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 12 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама |
| 13 | Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама |
| 14 | Уәкілетті банктің айырбастау пункті қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 15 | Такси тасымалдаушысы ретінде қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама |
| 16 | Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 17 | Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстардың қызметі басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 18 | Халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 19 | Реттеліп көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен), табиғи монополия субъектілерімен технологиялық байланысты қызмет көрсетудің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама |
| 20 | Халықтың декреттелген топтарын гигиеналық оқыту жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 21 | Медициналық бұйымдарды көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 22 | Медициналық бұйымдарды бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 23 | Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама |
| 24 | Тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 25 | Шетелдік және халықаралық ұйымдардың Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік үлгінің сәйкестігін растау саласындағы құжаттарды беру жөніндегі қызметін бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарлама |
| 26 | Эпидемиялық маңызы шамалы объектінің қызметін (пайдалануын) бастағаны және тоқтатқаны туралы хабарлама |
| 27 | Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 28 | Туристік агенттік қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама |
| 29 | Қазақстан Республикасында дара кәсіпкерлер ретінде қызметін жүзеге асыратын гид, экскурсовод, туризм нұсқаушысы қызметінің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама |
| 30 | Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге бағалы металдар мен асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын әкету жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |

| | |
|----|---|
| 31 | Теңіз көлігі мамандарын даярлау (қайта даярлау) және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 32 | "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы мониторингі субъектісі болып табылатын адамның қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 33 | Өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама |
| 34 | Байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 35 | Эротикалық сипаттағы материалдарды орналастыратын мерзімді баспа басылымдарын немесе интернет-ресурстарды тарату жөніндегі қызметтің басталғаны туралы хабарлама |
| 36 | Жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама |
| 37 | Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама |
| 38 | Салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру туралы немесе салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұрудан бас тарту туралы хабарлама |
| 39 | Түрлері жойылып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарларды қолдан өсіру жөніндегі қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама |
| 40 | Көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктердің қызметін бастау немесе тоқтату туралы хабарлама |
| 41 | Интервенциялық емес клиникалық зерттеулер жүргізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 42 | Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 43 | Автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметін бастау немесе тоқтату туралы хабарлама |
| 44 | Техникалық байқау операторларының қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 45 | Энергетикалық сараптама жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 46 | Энергия аудиті және (немесе) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлау және (немесе) олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 47 | Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыруы туралы хабарлама |
| 48 | Әкімші (уақытша әкімші, оңалту, уақытша және банкроттықты басқарушылар) қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 49 | Қаржы ұйымының, Қазақстан Республикасының резиденті емес банк филиалының, Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалының қаржы өнімдерін бекітуі туралы хабарлама |
| 50 | Нотариаттық қызметті жүзеге асырудың басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама |
| 51 | Радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануды бастау немесе тоқтату туралы хабарлама |
| 52 | Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс орналастыру туралы хабарлама |
| 53 | Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарлама |
| 54 | Метеорологиялық мониторинг бойынша қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлама |
| 55 | Қалдықтарды жинау, сұрыптау және (немесе) тасымалдау, қауіпті емес қалдықтарды қалпына келтіру және (немесе) жою жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |
| 56 | Қоршаған ортаға әсер ету туралы декларация |
| 57 | Цифрлық активтерді шығару, олармен сауда-саттықты ұйымдастыру, сондай-ақ цифрлық активтерді ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке айырбастау жөніндегі қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама |

Мемлекеттік қызметтер болып табылмайтын рұқсат беру рәсімдерінің тізімі

| № | Рұқсат беру құжаттарының атауы |
|----|---|
| 1 | «Үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензия беру» |
| 2 | «Авиакомпанияларды тұрақты ішкі коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға жіберу» |
| 3 | «Бала асырап алу жөніндегі халықаралық агенттіктерді аккредиттеу» |
| 4 | «Кеден қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу» |
| 5 | «Қазақстан Республикасының халықаралық авиамаршруттарындағы шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты рейстерінің кестесін бекіту» |
| 6 | «Жер қойнауын пайдаланушының жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды, сондай-ақ көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларға байланысты өзге де объектілерді пайдалану процесінде оларды өртке қарсы қорғауды қамтамасыз ету тәртібін мемлекеттік бақылау жөніндегі органдармен келісуі» |
| 7 | «Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп ұстауға және басқаруға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы жобалау және техникалық құжаттаманы келісу» |
| 8 | «Қайталанатын (шунттаушы) электр беру желілері мен қосалқы станцияларды жобалау мен салуды келісу» |
| 9 | «Техникалық нығайту талаптарына сәйкестігін келісу» |
| 10 | «Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау өніміне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру» |
| 11 | «Кеме жүргізушілерді өздігінен жүретін шағын көлемді кемеі басқару құқығына аттестаттау» |
| 12 | «Жеңілдікті рұқсат беру» |
| 13 | «Кедендік декларациялау жөніндегі маманның біліктілік аттестатын беру» |
| 14 | «Көмірсутек кен орындарын игеру жобасын бекіту» |
| 15 | «Жол бойындағы белдеулерде жол сервисі объектілерін немесе оларға кіру үшін кіреберіс қажет болған кезде олардан тыс объектілерді орналастыру үшін жер учаскелерін беру туралы шешім қабылдау» |
| 16 | «Жер асты суларын барлауға рұқсат беру» |
| 17 | «Республикаішілік-автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына куәлік беру» |
| 18 | «Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты халықаралық тасымалдауды ұйымдастыру» |
| 19 | «Үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжаты) беру» |
| 20 | «Банкке айырбастау нысанында микроқаржы ұйымын ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беру» |
| 21 | «Бақылау-касса машинасы пломбасының тұтастығын бұзуға салық органының рұқсатын беру» |
| 22 | «Шекаралық белдеуде авиацияның ұшуына рұқсат беру» |
| 23 | «Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне құқықтарды сауда-саттықта (аукциондарда) сатып алу» |

«Білім туралы» Заңға сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органның және облыстардың жергілікті атқарушы органдарының функционалдық талдауы

| | Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес проблемалық функциялар | Ескертпелер |
|---|---|--|
| Білім беру саласындағы уәкілетті орган | | |
| Қайталанатын функциялар | | |
| 1. | <ul style="list-style-type: none"> – 5-б. 4) тт. «ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады»; – 5-б. 44-2) тт. «білім беру жүйесін басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады» | «Білім беруді басқару жүйесі» және «білім беру жүйесін басқару органдары» - ұқсас ұғымдар. Тиісінше оларды ақпараттық қамтамасыз ету функциясы екі түрлі функцияда қайталады |
| Біріктірілген функциялар | | |
| 2. | <ul style="list-style-type: none"> – 5-б. 4) тт. «...білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекітеді»; – 5-б. 4-3) тт. «білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төмен талаптарды әзірлейді және бекітеді» | Екі функция да білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қатысты мәселелерді құқықтық реттеу нормаларын білдіреді. Шын мәнінде, білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төменгі талаптар білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі қағидаларының құрамдас бөлігі болуы тиіс. Негізінен, екі функция да бір функцияның құрамдас бөліктерін білдіреді. |
| 3. | <ul style="list-style-type: none"> – 5-б. 8-2) тт. «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асырады»; – 5-б. 8-5) тт. «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізеді» | Екі функция да бір процестің екі кезеңін білдіреді. Яғни, алдымен қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарламалар қабылданады, содан кейін олар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша рұқсаттар мен хабарламалар тізіліміне енгізіледі. |
| 4. | <ul style="list-style-type: none"> – 5-б. 29-1) тт. «жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын қалыптастырады және бекітеді»; – 5-б. 29-2) тт. «жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарына (ғылыми жарыстарға) қатысушылар құрамын қалыптастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді»; – 5-б. 29-3) тт. «соңғы үш жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру гранты беріле отырып қабылданатын, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын қалыптастырады және бекітеді»; – 5-б. 29-5) тт. «жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге біржолғы сыйақы төлеу қағидаларын бекітеді, сондай-ақ | Екі функция да жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын (ғылыми жарыстар) реттеу мәселесінде ұштастырылған. Негізінен бұл функциялардың барлығы бір функциямен – жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын (ғылыми жарыстарды), орындаушылар конкурстарын, кәсіби шеберлік конкурстарын және спорттық жарыстарды өткізу қағидаларын әзірлеумен ауыстырылуға тиіс. |

| | | |
|--|---|--|
| | жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге біржолғы сыйақы мөлшерін бекітеді» | |
| 5. | <ul style="list-style-type: none"> – 5-б. 38-3) тт. «формальды емес білім беретін, танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар беретін формальды емес білім арқылы ересектер алған оқу нәтижелерін тану қағидаларын әзірлейді және бекітеді»; – 5-б. 38-4) тт. «формальды емес білім беретін ұйымдарды тану қағидаларын әзірлеп, бекітеді және формальды емес білім беретін, танылған ұйымдардың тізбесін қалыптастырады» | Екі функция бірге ересектерге бейресми білім берумен байланысты біртұтас процесті білдіреді. Тиісінше, олар бір функцияны қарастыру қажет. |
| Артық функциялар | | |
| 6. | – 5-б. 46-7) тт. «мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ректорларын тағайындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді» | Мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ректорлары тағайындалмауы керек, бірақ олар міндетті түрде конкурстық рәсімдерден өтуі тиіс |
| Облыстың жергілікті атқарушы органы | | |
| Қайталанатын функциялар | | |
| 7. | <ul style="list-style-type: none"> – 5-б. 2-т. 1-2) тт. «кешкі (ауысымды) оқу нысанын қоса алғанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді»; – 5-б. 2-т. 4-1) тт. «мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, орта білім алғанға дейін оларды оқытуды ұйымдастырады» | Екі функция да балаларға орта білім беруді қамтамасыз ету саласындағы басқару органының қызметін білдіреді. Екінші функцияда «оларды орта білім алғанға дейін оқыту» біріншісін қайталайды. Бұл бөлімде оны алып тастау керек. |
| Біріктірілген функциялар | | |
| 8. | <ul style="list-style-type: none"> – 6-б. 2-т. 10) тт. «техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады»; – 6-б. 2-т. 10-1) тт. «бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қолдау көрсетеді және жәрдемдеседі» | Толығымен дерлік біріктірілген функциялар. Мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы «қамтамасыз ету» және «қолдау және көмек көрсету» мағыналық мағынасы бойынша бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленбейтін әрекеттер. Айырмашылық тек ауқымда. |
| 9. | <ul style="list-style-type: none"> – 6-б. 2-т. 4-2) тт. «мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді»; – 6-б. 2-т. 7-3) тт. «утверждает государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер родительской платы» | Екі функция да бір процестің екі кезеңін білдіреді – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту және орналастыру |
| 10. | <ul style="list-style-type: none"> – 6-б. 2-т. 8-4) тт. «тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді»; – 6-б. 2-т. 14) тт. «облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қала) | <i>«Балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді»</i> ұғымы өте ауқымды. Бұл балалардың қосымша білім алуына мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітуді және оны орналастыруды көздейді. |

| | | |
|---|---|--|
| | деңгейлерде жүзеге асырылатын балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді». | |
| 11. | <ul style="list-style-type: none"> – 6-б. 2-т. 23) тт. «кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының және өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді»; – 6-б. 2-т. 24) тт. «кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында және өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарында ұсталатын адамдарға жағдай жасайды» | Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының және өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету оларда ұсталатын адамдар үшін жағдайларды қамтамасыз етуді де білдіреді. |
| Артық функциялар | | |
| 12. | <ul style="list-style-type: none"> – 13-1) тт. мектепке дейінгі ұйымдарды және интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының, оның ішінде аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады | Үкіметтің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №7 қаулысымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына сәйкес білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдар дербес жүзеге асырады (білім беру ұйымының штат кестесінде медицина қызметкері болуға тиіс). Бұл функцияны жою ұсынылады. |
| Республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы | | |
| Қайталанатын функциялар | | |
| 13. | <ul style="list-style-type: none"> – 6-б. 3-т. 2) тт. «мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады»; – 6-б. 3-т. 3) тт. «кешкі (ауысымды) оқыту нысанын және интернат үлгісіндегі білім беру ұйымдары арқылы ұсынылатын орта білім беруді қоса алғанда, орта білім беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді» | «Орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады» мен «орта білім беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді» аталғандар бір функция. |
| Біріктірілген функциялар | | |
| 14. | <ul style="list-style-type: none"> – 6-б. 3-т. 7-4) тт. «тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді»; – 6-б. 3-т. 10) тт. «балаларға арналған қосымша білім беруді қамтамасыз етеді». | «Балаларға қосымша білім беру» ұғымы жан-жақты. Ол балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту рәсімдерін сіңіреді. |
| 15. | <ul style="list-style-type: none"> – 6-б. 3-т. 26) тт. «кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының және өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді»; – 6-б. 3-т. 27) тт. «кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында және өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарында ұсталатын адамдарға жағдай жасайды». | Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының және өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету оларда ұсталатын адамдар үшін жағдайларды қамтамасыз етуді де білдіреді. |

| | Проблемалық функциялар | Ескертпелер |
|---|--|---|
| Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереже («Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысы) | | |
| Қайталанатын функциялар | | |
| 1. | <ul style="list-style-type: none"> – 26) тт. оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылықты жүзеге асыру және оны жүргізуді үйлестіру, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар мен қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту – 102) тт. білім беру ұйымдарын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің үйлестірілуін жүзеге асыру | Екі функция да ғылыми-әдістемелік қызметті үйлестіру фактісі бойынша қайталанады |
| 2. | <ul style="list-style-type: none"> – 212) тт. білім беру ұйымдарында балаларды тамақтандыруды, балаларды мектепке жеткізуді, олардың қадағалаусыз қалуының және құқық бұзушылықтың профилактикасын ұйымдастыру бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын бақылауды жүзеге асыру; – 217) тт. білім беру ұйымдарында балаларды тамақтандыруды ұйымдастыруды, балаларды мектепке жеткізуді мониторингтеу мен талдауды жүзеге асыру | Заңнаманың орындалуын бақылау функциясын іске асыру заң талаптарының орындалуына мониторинг пен талдауды жүзеге асыруды көздейді, сондықтан іс жүзінде бұл функциялар бірдей. |
| Біріктірілген функциялар | | |
| 3. | <ul style="list-style-type: none"> – ҚР «Білім туралы» Заңының 5 б. 1-т. 1-1) тт. білім беру саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады; – 15-т. 207 тт. үйлестіру функциясынан басқа облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларына қатысты бақылау функциясы белгіленді | Функциялар біріктірілген, бірақ бұл ретте екінші функцияға ҚР «Білім туралы» Заңына қайшы келетін бақылау функциясы заңсыз қосылды. |
| Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы («Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысы) | | |
| Сопряженные функции | | |
| 4. | <ul style="list-style-type: none"> – 171) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды, оған қолжетімділікті қамтамасыз ету; – 172) білім және ғылым саласында жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу, мемлекеттік қызметтер тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасына ішкі бақылау жүргізу; – 173) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны электрондық форматта көрсетуге ауыстыру бойынша шаралар қолдану | Первая функция поглощает вторую и третью, так как их суть и заключается в обеспечении повышения качества, доступности оказания государственных услуг |

| Министрліктер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың қайталанатын функциялары | |
|---|--|
| 1. | <p>«Талап» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 18 мамырдағы №223 бұйрығымен бекітілген Жарғыға сәйкес мынадай функцияларды орындайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – ТжКБ жүйесін дамытудың ғылыми-әдістемелік негізін құру бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу; – оқу-әдістемелік (оның ішінде білім беру бағдарламаларын, оқу құралдарын, басшылар мен инженерлік-педагогикалық қызметкерлерге, сондай-ақ студенттерге арналған түрлі әдістемелік ұсынымдарды) әзірлеуді және жетілдіруді ұйымдастыру; – ТжКББ білім беру бағдарламалары бойынша білікті кадрларды даярлауды ұйымдастырудың нормативтік, оқу-әдістемелік базасын әзірлеу. |
| 2. | <p>Жарғыға сәйкес «Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» ШЖҚ РМК қызметінің пәні орта білім беру саласындағы білім беру жүйесі мен білім беру процесін (мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламалары) әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету болып табылады.</p> |
| 3. | <p>"Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы" РМҚК Жарғыға сәйкес балаларға қосымша білім беру жүйесін ғылыми-зерттеу, бағдарламалық-әдістемелік, оқу-әдістемелік, ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады</p> |
| | <p>Оқу-ағарту министрлігі өз ережелеріне сәйкес функцияларға ие:</p> <ul style="list-style-type: none"> – мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру сапасын басқаруды жүзеге асыру, білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз ету (15 т. 3) тт.); – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту (15 т. 6) тт.). |
| | <p>Жоғарыда айтылғандай, бұл функциялар ҚР Оқу-ағарту министрлігінің де, ҚР ОАМ Орта білім комитетінің де ұқсас функцияларымен толық қайталады.</p> |
| | <p>Осыған ұқсас функциялар ҚР Білім министрлігіне жүктелген.</p> |

Басқару органдары (басқару және білім бөлімдері) арасында функциялардың бөлінуін талдау

| ҚР «Білім туралы» заңында жоқ функциялар, яғни уәкілетті орган жергілікті деңгейде білім беруді басқару органдарына дербес және өз қалауы бойынша бірқатар функцияларды береді. |
|---|
| <p>Бұл, ең алдымен, көпшілігі артық сипатқа ие кадрлық мәселелерге байланысты функцияларға қатысты болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – 3-т. 2) тт. «ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органымен және білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдерінің бірінші басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады» <i>(бұл ретте аудандық деңгейдегі бірінші басшыны тағайындау және қызметтен босату аудандық атқарушы орган деңгейінде жүзеге асырылуы тиіс және білім беру саласындағы уәкілетті органның бекітуі жалпы алғанда қажет емес);</i> – 3 т. 47) тт.; 4 т. 47) тт. «коммуналдық қазыналық білім беру кәсіпорындары өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекітеді» (бұл жағдайда құқықтық қақтығыс бар, себебі «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңының 146-бабының 2-тармағына сәйкес бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемдері шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен немесе жергілікті атқарушы органмен не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратымен келісу бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын белгілейді. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 14 Заңының 35-бабы 1-3-тармағының 6) тармақшасына сәйкес басқаруына берілген коммуналдық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілейді. Барлық басқа әкімдер мен әкімдіктерде мұндай құзырет жоқ. Бірақ бұл қайшылықты ескермегенде де, білім басқармалары мемлекеттік білім беру ұйымдарының тауарлары мен қызметтеріне бағаны белгілеуге құқылы емес, әкімдіктерде бағаны келісу функциясы бар. Сондықтан оларға бұл функцияны беру заңсыз). – 3-т. 49) тт. « аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерінің: басшының орынбасарының, бас бухгалтердің және әдістемелік кабинетті бастаушының жекелеген лауазымдарын (азаматтық қызметшілерін) тағайындауға келісім береді»; 3-т. 50) тт. « ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі басшысының ұсынуы бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардағы білім бөлімінің құрылымын келіседі»; 3-т. 51) тт. «білім беру саласындағы |

уәкілетті органмен келісім бойынша облыстың білім беруді басқару құрылымын бекітеді» (облыстық басқармалармен және білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісудің осы түрлерін белгілеудің практикалық қажеттілігі қандай? Бұл жағдайда, кем дегенде, осындай мәселелерде оларға үлкен өкілеттіктер бере отырып, аудандық бөлімдердің жауапкершілік деңгейін арттыру қажет).

ҚР «Білім туралы» Заңына қайшы әкімшілік-аумақтық бөліністің басқа деңгейіне берілген функциялар

- «Білім туралы» ҚР Заңының 6-б. 2-т. 1-3) тт. тармақшасына сәйкес жарлық Облыстың жергілікті атқарушы органы тірек мектептердің (ресурс орталықтарының) жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, бірақ ҚР БҒМ бұйрығында бұл функция қандай да бір себептермен аудандық деңгейге қайта бөлінді;
- «Білім туралы» ҚР Заңының 6-б. 2-т. 11) тт., 6-б. 3-т. 11) тт. сәйкес облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қала) ауқымдардағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстауға және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде екі пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды, бірақ ҚР БҒМ бұйрығында бұл функция қандай да бір себептермен аудандық деңгейге қайта бөлінген.
- «Білім туралы» ҚР Заңының 6-б. 2-т. 18-1) тт., 3-т. 24) тт. мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына, оның ішінде аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына және отбасыларға қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді, бірақ ҚР БҒМ бұйрығында бұл функция Республикалық маңызы бар қаланың және Астананың және аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім басқармаларына берілген .

Білім беруді басқару органдарына бөлінбеген функциялар

- «Білім туралы» ҚР Заңының 6-б. 2-т. 8-5) тт., 3-т. 7-5) тт. белгіленген облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының көлемдері шегінде мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын беру және орналастыру функциясы, ҚР БҒМ бұйрығында бөлінбеген.
- Функция местного исполнительного органа области, города республиканского значения и столицы, обозначенная в пп. 24-13 п.2; пп.27-1 п.3 ст.6 Закона РК «Об образовании» о проведении ротации первых руководителей государственных организаций образования в соответствии с правилами проведения ротации первых руководителей государственных организаций образования, также осталась без распределения.
- Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу туралы «Білім туралы» ҚР Заңының 6-б. 2-т. 24-13) тт.; 3-т. 27-1) тт. белгіленген облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының функциясы да бөлінбей қалған.

Қайталанатын функциялар

3-б. 17) тт. белгіленген функция, «облыстың білім беру саласындағы кадр саясатын іске асырады, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау үшін педагогтерді аттестаттауды, тестілеуді өткізеді және ұйымдастырады» 3-б. 36) тт. белгіленген функцияны « облыстың мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жүзеге асырады».

Облыстық білім басқармаларының ережелеріндегі проблемалық функциялар

| | | |
|----|-----------------------------------|---|
| 1. | Алматы облысының білім басқармасы | Қайталанатын функциялар <i>«білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына халықтың білім беру сұраныстарын қанағаттандыру үшін жағдай жасау бойынша көмек көрсету», «аудандар мен қалаларда, облыстық білім беру ұйымдарында тиімді білім беру қызметін қамтамасыз ету», «тиісті облыс аумағында білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады».</i> |
| 2. | Жетісу облысының білім | Сондай-ақ, алдыңғы жағдайдағыдай білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселесіне қатысты функциялардың |

| | | |
|-----------|--|--|
| | басқармасы | қайталануына жол берілген |
| 3. | Жамбыл облысының білім басқармасы | Толығымен байланысты функциялар анықталды: 16-т. 25) тт. «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ұсталатын адамдарға жағдай жасайды» және 16-т. 38) тт. «үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қараусыз және панасыз қалған кәмелетке толмағандарды, ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында заңда белгіленген тәртіппен ұстайды». |
| 4. | Қызылорда облысының білім басқармасы | Құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдау үшін білім беруді басқаруға тән емес функция, сондай-ақ көптеген байланысты функциялар, әсіресе орта білім беру мәселелерімен байланысты. |
| 5. | Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы | «Білім туралы» ҚР Заңына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келмейтін 11 функция ғана белгіленген, бұл осы Ережені толық қайта өңдеуді және оны қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіруді талап етеді. |
| 6. | Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы, Шымкент қаласының білім басқармасы | ҚР БҒМ 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 553 бұйрығына (оны пысықтауды ескере отырып) сәйкес толықтырылуы қажет бірқатар функциялар жоқ. |

| Министрліктер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың қайталанатын функциялары | | |
|---|---|--|
| 1. | «Талап» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 18 мамырдағы №223 бұйрығымен бекітілген Жарғыға сәйкес мынадай функцияларды орындайды: ТжКБ жүйесін дамытудың ғылыми-әдістемелік негізін құру бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу; оқу-әдістемелік (оның ішінде білім беру бағдарламаларын, оқу құралдарын, басшылар мен инженерлік-педагогикалық қызметкерлерге, сондай-ақ студенттерге арналған түрлі әдістемелік ұсынымдарды)әзірлеуді және жетілдіруді ұйымдастыру; ТжКББ білім беру бағдарламалары бойынша білікті кадрларды даярлауды ұйымдастырудың нормативтік, оқу-әдістемелік базасын әзірлеу. | Оқу-ағарту министрлігі өз ережелеріне сәйкес функцияларға ие: - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру саласында білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз ету жөніндегі жарлық (15 б. 3 т-ша); техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе Модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын (15 б. 6-ша). |
| 2. | Жарғыға сәйкес «Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» ШЖҚ РМК қызметінің мәні орта білім беру саласындағы білім беру жүйесі мен білім беру процесін (мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламалары) әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету болып табылады. | Жоғарыда айтылғандай, бұл функциялар Оқу-ағарту министрлігінің де, орта білім комитетінің де ұқсас функцияларымен толық қайталанатын. |
| 3. | «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК Жарғыға сәйкес балаларға қосымша білім беру жүйесін ғылыми-зерттеу, бағдарламалық-әдістемелік, оқу-әдістемелік, ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады | Осыған ұқсас функциялар Оқу-ағарту министрлігіне жүктелген. |

Білім беруді басқару органдары (басқару және білім бөлімдері) арасында функциялардың бөлінуін талдау

| Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында жоқ функциялар, яғни уәкілетті орган жергілікті деңгейде білім беруді басқару органдарына дербес және өз қалауы бойынша жүктелген бірқатар функциялар тізімі |
|--|
| <p>Бұл, ең алдымен, кадрлық мәселелермен байланысты функцияларға қатысты, олар көбінесе артық сипатқа ие:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органымен және білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша облыс аудандарының, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерінің бірінші басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады» <i>(бұл жағдайда аудандық деңгейдегі бірінші басшыны қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды аудандық деңгейдегі жүзеге асыру орынды атқарушы органның келісімі және білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі мүлдем артық);</i> - «коммуналдық қазыналық білім беру кәсіпорындары өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекітеді" <i>(бұл жағдайда «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңының 146-бабының 2-тармағына сәйкес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары, бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде жүргізілетін, тиісті саланың уәкілетті органымен немесе жергілікті атқарушы органмен не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратымен келісім бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын белгілейді. Сонымен бірге «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 14 Заңының 35-бабы 1-3-тармағының 6-тармағына сәйкес бағаларды белгілеу құқығы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне ғана берілген. Барлық басқа әкімдер мен әкімдіктерде мұндай құзырет жоқ. Соңдықтан оларға бұл функцияны беру заңсыз)</i> - «аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерінің жекелеген лауазымдарын (азаматтық қызметшілерін), басшының орынбасарын, бас бухгалтер және әдістемелік кабинет меңгерушісін тағайындауды келіседі»; «ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім бөлімі басшысының ұсынысы бойынша ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім бөлімінің құрылымын келіседі»; «білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша облыстық білім беруді басқару құрылымын бекітеді» <i>(облыстық басқармалармен және білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісудің практикалық қажеттілігі қандай? Бұл жағдайда, кем дегенде, осындай мәселелерде оларға жоғары өкілеттіктер бере отырып, аудандық бөлімдердің жауапкершілік деңгейін арттыру қажет).</i> |
| Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына қайшы әкімшілік-аумақтық бөліністің басқа деңгейіне берілген функциялар |
| <p>Заң талаптарына сәйкес облыстық жергілікті атқарушы органы тірек мектептердің (ресурстық орталықтардың) жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, бірақ ҚР БҒМ бұйрығында бұл функция қандай да бір себептермен аудандық деңгейге қайта бөлінген;</p> <p>Заң талаптарына сәйкес, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) ауқымдағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан қаржылық және материалдық көмек көрсетуге қаражат жібереді. Табыс ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балаларға, отбасылардан шыққан балаларға, және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы ұстауға және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде екі пайызы мөлшерінде көмек көрсетуді талап етеді, бірақ ҚР БҒМ бұйрығында бұл функция аудандық деңгейге қайта бөлінген.</p> <p>Заң талаптарына сәйкес, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына, оның ішінде аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан ұйымдарға және отбасыларға қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді, бірақ ҚР БҒМ бұйрығында бұл функция республикалық маңызы бар қаланың және астананың және аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім басқармаларына берілген.</p> |
| Білім беруді басқару органдарына бөлінбеген функциялар |
| <p>Облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының көлемі шегінде мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту және орналастыру туралы функциясы ҚР БҒМ бұйрығында қайта бөлінбеген.</p> <p>Облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу туралы функциясы да бөлінбей қалды.</p> |

Қайталанатын функциялар

Заңның 3 бабының 17 тармағында көрсетілген «облыстың білім беру саласындағы кадр саясатын іске асырады, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен педагогтерді аттестаттауды, білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау үшін тестілеуді өткізеді және ұйымдастырады» функциясы 3 баптың 36 тармағын қайталайды «облыстың мемлекеттік білім беру ұйымдарын кадрлық қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жүзеге асырады».

Облыстық білім басқармаларының ережелеріндегі проблемалық функциялар

| | | |
|----|--|--|
